

Торайғыров университетінің
ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
Торайғыров университета

ТОРАЙҒЫРОВ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ ХАБАРШЫСЫ

Гуманитарлық сериясы
1997 жылдан бастап шығады



ВЕСТНИК ТОРАЙҒЫРОВ УНИВЕРСИТЕТА

Гуманитарная серия
Издается с 1997 года

ISSN 2710-3439

№ 2 (2025)

Павлодар

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
Торайгыров университета

Гуманитарная серия
выходит 4 раза в год

СВИДЕТЕЛЬСТВО

о постановке на переучет периодического печатного издания,
информационного агентства и сетевого издания
KZ46VP400029271

выдано

Министерством информации и общественного развития
Республики Казахстан

Тематическая направленность
публикация материалов в области истории,
правоведения и общественных наук

Подписной индекс – 76131

<https://doi.org/10.48081/ВНPH1512>

Бас редакторы – главный редактор

Аубакирова С. С.

доктор PhD

Заместитель главного редактора

Кожамжарова М. Ж., к.филос.н.

Ответственный секретарь

Искакова З. С. магистр

Редакция алқасы – Редакционная коллегия

Ветренко И. А.,	д.полит.н., профессор (Россия);
Шашкова Я. Ю.,	д.полит.н., профессор, (Россия)
Дронзина Т. А.,	д.полит.н., профессор (София, Болгария)
Севальников А. Ю.,	д.филос.н., профессор (Россия);
Уразалиева Г. К.,	к.филос.н., доцент (Россия);
Акишев А. А.,	д. полит. н., профессор;
Таштемханова Р. М.,	д.и.н., профессор;
Сағиқызы А.,	д.филос.н., профессор;
Карипбаев Б. И.,	д.филос.н., профессор;
Альмуханов С. Х.,	к.филос.н., доцент;
Алтыбасарова М. А.,	к.полит.н., ассоц. профессор (доцент);
Ермаханова С. А.,	к.социол.н.;
Ахметова Г. Г.,	к.филос.н.;
Ермагамбетова К. С.,	доктор PhD;
Альджанова Н. К.,	доктор PhD;
Абдикакимов М. Т.,	доктор PhD;
Уызбаева А. А.,	доктор PhD;
Кадыралиева А. М.,	доктор PhD;
Шакиров С. Е.,	доктор PhD;
Азербайев А. Д.,	доктор PhD;
Кулумжанов Н. Е.,	доктор PhD;
Шокубаева З. Ж.	(тех. редактор).

За достоверность материалов и рекламы ответственность несут авторы и рекламодатели

Редакция оставляет за собой право на отклонение материалов

При использовании материалов журнала ссылка на «Вестник Торайгыров университета» обязательна

© Торайгыров университет

МАЗМҰНЫ
СОДЕРЖАНИЕ
CONTENT

«ФИЛОСОФИЯ» СЕКЦИЯСЫ
СЕКЦИЯ «ФИЛОСОФИЯ»
SECTION «PHILOSOPHY»

Аккулиева А. Е., Нурышева Г. Ж.

Цифрлық гуманитаристика:

Қазақстандағы қалыптасуы мен даму мүмкіндіктері.....4

Альмуханов С. Х., Султанова Г. Ш., Смагулова Б. Т.

Философия трансгуманизма: от человека к постчеловеку 19

Джуншеев Р. Е.

Абай мен Сұлтанмахмұттың дінге көзқарастары:

салыстырмалы философиялық талдау33

Зейнулина А. Ф., Ташекова А. Т., Құдабаев А. Ж.

Алашорда қайраткерлері философиясындағы ұлттық таны.....50

Trubitsky B. S., Kozhamzharova M. Zh., Dronzina T. A.

Development of Artificial Intelligence through the Prism of Dialectics... 62

Авторлар туралы ақпарат

Правила для авторов

Information about the authors.....75

Авторларға арналған ережелер

Правила для авторов

Rules for authors81

Жарияланым этикасы

Публикационная этика

Publication ethics.....93

«ФИЛОСОФИЯ» СЕКЦИЯСЫ

FTAMP 09.00.11

<https://doi.org/10.48081/WCTA9395>***А. Е. Аккулиева¹, Г. Ж. Нурышева²**^{1,2}Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,
Қазақстан Республикасы, Алматы қ.*e-mail: asiya151725@gmail.com¹ORCID: <https://orcid.org/0000-0001-6050-7389>²ORCID: <https://orcid.org/0000-0001-6640-8111>**ЦИФРЛЫҚ ГУМАНИТАРИСТИКА: ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ
ҚАЛЫПТАСУЫ МЕН ДАМУ МҮМКІНДІКТЕРІ**

Бұл мақалада цифрлық гуманитаристика мен философия арасындағы өзара байланыс, сондай-ақ Қазақстандағы осы ғылыми бағыттың қалыптасу ерекшеліктері мен даму мүмкіндіктері қарастырылған. Мақаланың басты мақсаты – цифрлық гуманитаристика ұғымының теориялық-әдіснамалық негіздерін талдау, осы саладағы әлемдік тәжірибелерді зерделей отырып, Қазақстанда цифрлық гуманитаристиканы білім беру мен ғылыми-зерттеу жүйесіне енгізудің нақты жолдарын айқындау болып табылады. Зерттеу барысында теориялық талдау, тарихи-хронологиялық әдіс, контент-талдау, сондай-ақ ғылыми еңбектер мен ресми құжаттарды салыстырмалы зерделеу әдістері кешенді түрде қолданылды.

Нәтижелер көрсеткендей, цифрлық гуманитаристика дәстүрлі гуманитарлық ғылымдар мен заманауи ақпараттық технологияларды біріктіре отырып, үлкен деректер (big data), жасанды интеллект, виртуалды және кеңейтілген шындық (AR/VR) сияқты жаңа технологияларды белсенді пайдаланады. Авторлар цифрлық гуманитаристиканы білім беру жүйесіне кеңінен енгізу ғылыми зерттеу нәтижелерінің қолжетімділігін арттырып, академиялық қауымдастықты цифрландыруға оң әсер ететінін тұжырымдайды. Сонымен қатар, мақалада цифрлық технологияларды гуманитарлық

зерттеулерге енгізудің этикалық-әлеуметтік аспектілері және білім беру жүйесін цифрлық трансформациялаудың әдістемелік мәселелері кеңінен талқыланған. Авторлар қазақстандық ғылыми орта мен білім беру мекемелерінде цифрлық гуманитаристикаға арналған арнайы ғылыми жобалар мен мамандықтарды енгізудің қажеттігін атап өтеді. Бұл, өз кезегінде, гуманитарлық ғылымдардың халықаралық деңгейдегі бәсекеге қабілеттілігін арттырады.

Кілтті сөздер: Цифрлық гуманитаристика; цифрлық технологиялар; мәдени мұраны цифрландыру; big data; Digital Kazakhstan; цифрлық философия; виртуалды шындық; кеңейтілген шындық; жасанды интеллект.

Кіріспе

Цифрлық гуманитаристика (ағылш. Digital Humanities) – гуманитарлық және компьютерлік ғылымдардың тоғысында қалыптасқан пәнаралық ғылыми бағыт. Қарапайым тілмен айтқанда, цифрлық гуманитаристика – гуманитарлық білім салаларын цифрлық технологиялар арқылы жаңа деңгейге көтерудің әдіснамалық негізі. Цифрлық гуманитаристикада дәстүрлі гуманитарлық ғылымдардың әдістері цифрлық деректермен жұмыс жасау тәсілдерімен ықпалдастырылады, электронды ресурстар мен компьютерлік құралдар ғылыми зерттеудің ажырамас бөлігіне айналады. Мәтін, сурет, дыбыс сияқты мәдени мұра үлгілері цифрлық форматқа көшіріліп, оларды жинақтау, жүйелеу және талдау үшін ақпараттық технологиялардың мүмкіндіктері пайдаланылады. Нәтижесінде гуманитарлық зерттеулерде деректерді цифрлық түрде өңдеу, визуализациялау, математикалық-статистикалық талдау сияқты жаңа әдістемелер пайда болып, ғылымның бұл саласының әдіснамалық қоры дами түсуде.

Бүгінгі қоғамның эволюциясы ғылым мен білімнің барлық саласына цифрлық технологияларды енгізуді талап етіп отыр. ХХІ ғасырдың алғашқы онжылдықтарында әлемде гуманитарлық ғылымдардың ақпараттық-коммуникациялық технологиялармен жан-жақты интеграциясы белсенді жүрді. Нәтижесінде «цифрлық гуманитаристика» атты жаңа ұғым қалыптасты. Қазір әлемде цифрлық гуманитаристикамен айналысатын жүздеген орталықтар пайда болып, көптеген университеттер оқу бағдарламаларына бұл бағытты енгізді.

Дегенмен, «Digital Humanities» терминінің мағынасы туралы бірізді пікір қалыптаспаған, ғалымдар оны түрлі қырынан анықтайды

Мысалы, шетелдік зерттеушілердің бір тобы цифрлық гуманитаристиканы тек компьютерді зерттеу құралы ретінде пайдаланатын гуманитарлық

ғылымдар десе, енді бір сарапшылар оны «гуманитарлық ғылымдардың цифрлық дәуірдегі жаңаша түрі» деп сипаттайды. Америкалық ғалым Вендель Пьез цифрлық гуманитаристиканы жай сән үшін пайда болған құбылыс емес, қайта «цифрлық дәуірдегі гуманитарлық ғылымдар» екенін баса айтып, бұл үрдісті ғылымның жаңа Ренессансы деп бағалайды. Ал тағы бір зерттеуші Филипп Р. Бернс технологияның қолданылуы пәннің түпкі мәнін өзгерте алмайтынын, цифрлық әдістер гуманитарлық білімнің мазмұнын байыта түсетінін атап көрсетеді. Яғни цифрлық гуманитаристика дәстүрлі гуманитарлық зерттеулерді түбегейлі алмастырмайды, керісінше олардың тың қырларын ашуға мүмкіндік береді [1].

Гуманитарлық ғылымдардағы цифрлық бұрылыс (digital turn) зерттеу әдістерінің ғана емес, ғылыми коммуникацияның да форматын өзгертті. Бүгінде білім мен ақпаратты өндіру, тарату және тұтыну жолдары цифрлық платформаларға негізделген жаңа деңгейге шықты. Ғалымдар өз еңбектерін электронды форматта еркін жариялап, зерттеушілер қауымы бұрын-соңды қолжетімсіз болған мәліметтерге онлайн қол жеткізіп отыр. Бұл үрдіс ғылыми нәтижелердің ашықтығы мен қолжетімділігін арттырып, гуманитарлық білімнің қоғамға әсерін күшейтті [1, 18-б.].

Мәселен, дәстүрлі қағаз кітаптар мен баспа журналдардың географиялық немесе таралымдық шектеулері цифрлық кітапханалар мен онлайн платформалар арқылы еңсерілуде. Зерттеушілер қауымдастығы Интернеттің көмегімен өзара жылдам байланысып, мәлімет алмасып, ортақ жобалар жүзеге асырды. Осылайша, цифрлық технологиялар гуманитарлық зерттеулердің табиғатын ғана өзгертіп қоймай, ғылыми танымның әлеуметтік кеңістігін де кеңейтті.

Қазақстан қоғамы да жалпы әлемдік цифрландыру үрдістерінен тыс қалған жоқ. Қазақстан Республикасы өз даму жолында «Цифрлық Қазақстан» атты ұлттық бағдарламаны қабылдап, экономикадан бастап білім беру мен ғылымға дейінгі барлық салада цифрлық трансформация жүргізе бастады [1, 26-б.].

Шын мәнінде, цифрлық қоғам құру үшін тек IT-инфрақұрылымды дамыту жеткіліксіз, сонымен бірге жаңа технологияларды тиімді пайдалана алатын білімді қоғам қалыптастыру қажет. Бұл тұрғыда гуманитарлық білім беру жүйесін заманауи талаптарға бейімдеу өзекті міндетке айналды. Цифрлық өркендеу жағдайында техникалық және гуманитарлық білімдер бірін-бірі толықтырып, қатар дамығанда ғана қоғамның сапалы трансформациялануына қол жеткіземіз деген тұжырым қалыптасты.

Сондықтан Қазақстанда цифрлық технологиялар мен гуманитарлық ғылымдардың тоғысында пайда болған цифрлық гуманитаристика бағытын дамыту заман талабына сай және перспективалы қадам болып саналады. Осы

мақаланың мақсаты – цифрлық гуманитаристиканың теориялық негіздерін талдап, Қазақстандағы қалыптасу кезеңдерін көрсету және алдағы даму мүмкіндіктерін айқындау. Ол үшін әлемдік тәжірибедегі Digital Humanities эволюциясы мен әдістері сараланып, Қазақстандағы ғылыми және білім беру мекемелерінде жүзеге асырылып жатқан бастамаларға шолу жасалады. Зерттеу барысында соңғы жылдардағы деректер мен материалдарға ерекше көңіл бөлінді. Атап айтқанда, цифрлық даму бойынша ірі алаң болып саналатын Digital Almaty 2025 форумының материалдары, Қазақстан Республикасында орындалған мемлекеттік ғылыми жобалардың есептері, ресми мәліметтер және ғылыми әдебиеттер қолданылды.

Материалдар мен әдістер

Зерттеудің теориялық негіздемесі – цифрлық гуманитаристика бойынша отандық және шетелдік әдебиеттер. Әсіресе, пәннің әдіснамалық қырларын ашуға мүмкіндік беретін маңызды еңбектер пайдаланылды. Мысалы, Melissa Terras, Julianne Nyhan сынды ғалымдардың редакциясымен жарық көрген цифрлық гуманитарлық ғылымдар туралы хрестоматиялық жинақ және А.Б.Антопольский, Д.А.Гагарина және басқа авторлардың цифрлық гуманитаристика жөніндегі кешенді монографиясы негізгі теориялық дереккөз ретінде талданды. Бұл еңбектерден цифрлық гуманитаристиканың анықтамалары, даму тарихы, зерттеу әдістері туралы тұжырымдамалық мәліметтер алынды [2, 25-б.].

Сонымен бірге Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым комитеті арқылы қаржыландырылған ғылыми жобалардың мәліметтері, ҚР Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің есептері, бұқаралық ақпарат құралдарындағы жарияланымдар зерттелді. Ақпарат көздерін талдау барысында жинақтау, салыстырмалы талдау және жүйелеу әдістері қолданылды. Зерттеу әдістемесі пәнаралық сипатта болғандықтан, тарихи талдау, мазмұндық (контент) талдау және жалпы ғылыми индукция мен дедукция әдістері кешенді түрде пайдаланылды. Мәселен, тарихи талдау арқылы цифрлық гуманитаристика бағытындағы алғашқы еңбектер мен оқиғалардың хронологиясы түзілді, контент талдау арқылы Digital Almaty 2025 форумы материалдарындағы негізгі үрдістер анықталды. Салыстырмалы әдіс арқылы Қазақстандағы жағдай әлемдік тәжірибемен салыстырылып, даму үрдістерінің ортақ тұстары мен ерекшеліктері айқындалды.

Нәтижелер және талқылау

Цифрлық гуманитаристика – ғылымның көптеген салаларының тоғысында тұрған кең өрісті ұғым. Оны жан-жақты түсіну үшін ең алдымен әлемдік деңгейде қалыптасқан анықтамалар мен теориялық ұстанымдарды

қарастырайық. Ғалымдардың пікірінше, цифрлық гуманитаристика – гуманитарлық ғылымдардағы зерттеу нысандарына ақпараттық технологиялар көмегімен жаңаша зер салу мүмкіндігі. Кейбір зерттеушілер Digital Humanities терминін «гуманитарлық информатика» (humanities computing) ұғымының орнын басқан жаңа атау деп санайды. [1, 48-б.].

Шынында да, бастапқы кезеңде (1990 жылдарға дейін) есептеуіш техника гуманитарлық ғылымдарда деректерді цифрлық форматқа көшіру, сақтау, каталогтау сияқты көмекші құрал рөлін атқарса, кейінірек компьютерлердің есептеу қуаты артып, бағдарламалық қамтамасыз ету жетіле түскен соң, цифрлық технологиялар гуманитарлық зерттеулердің тікелей өзіндік әдісіне айналды. Осылайша гуманитарлық білімде «цифрлық бұрылыс» деп аталатын сапалық өзгеріс орын алды – ғылыми ізденістердің парадигмасы өзгерді, жаңа пәнаралық тәсілдер қалыптасты. Мысалы, тарихи ғылымда клиометрия, әлеуметтануда желілік талдау, әдебиеттануда компьютерлік лингвистика тәрізді жаңа әдістер пайда болып, деректанудың көкжиегі кеңейді. Жаңа технология гуманитарлық ғылымдарда зерттелетін құбылыстарға басқа қырынан қарауға мүмкіндік берді. Дегенмен, цифрлық гуманитаристикадағы ізденістердің түп мақсаты – гуманитарлық ғылыми сұрақтарға жауап беру екенін естен шығармау керек. Бұл туралы профессор Ф. Р. Бернс: «Технологияны қолдану ғылым мазмұнын өзгерте алмайды, керісінше сол мазмұнды ашуға көмектеседі» деп тұжырымдаған. Бүгінгі күні цифрлық гуманитаристика аясында көптеген инновациялық әдістер қолданылып жүр. Зерттеушілер А. Б. Антопольский және әріптестері өз еңбектерінде цифрлық гуманитарлық зерттеулердің кең тараған әдіс-тәсілдерін бірнеше санатқа бөліп көрсетеді: біріншіден, деректер қоры (база данных) мен электрондық архивтер құру арқылы мәліметтерді сақтау және құрылымдау; екіншіден, мәтіндерді компьютерлік лингвистикалық талдау (әлеуетті мағыналарды анықтау, контентті цифрлық белгілеу, т.б.) және үлкен мәтіндік корпусарды статистикалық талдау – бұны шартты түрде мәдениетрика (культуромика) деп атайды; үшіншіден, әлеуметтік және тарихи деректерді желілік талдау (network analysis) әдістері, яғни адамдар мен оқиғалар арасындағы байланыстарды түйсітелік (визуал) түрде модельдеу; төртіншіден, географиялық ақпараттық жүйелер (GIS) көмегімен мәдени-тарихи құбылыстарды кеңістіктік картаға түсіру; бесіншіден, виртуалдық реконструкциялау (Virtual Reality) және кеңейтілген шындық (Augmented Reality) технологиялары арқылы тарих және мәдениет ескерткіштерінің цифрлық моделдерін жасау. Бұл әдістердің барлығы гуманитарлық ғылымдардың алдында тұрған классикалық сұрақтарды жаңаша тәсілмен қарастыруға жол ашады. Мысалы, әдебиеттанушылар бұрын тек мәтіннің мазмұнын сапалық талдау арқылы шығарма стилін сипаттаса,

бүгінде сан мың әдеби шығармалардың цифрлық мәтіндерін жинақтап, оларға компьютерлік лингвистикалық және статистикалық әдістерді қолдану арқылы авторлық стильді цифрлық өлшемдермен көрсету мүмкіндігі бар. Сол сияқты тарихшылар дәстүрлі археологиялық немесе жазба деректермен шектелмей, кеңістіктік деректер базасын құрып, тарихи оқиғаларды карта бетінде динамикалық бейнелеу арқылы жаңа заңдылықтарды аша алады. Демек, цифрлық технологиялар гуманитарлық зерттеулердің құралдар спектрін кеңейтіп қана қоймай, кей жағдайда ғылыми жаналық деңгейіндегі нәтижелерге жетуге ықпал етеді. Цифрлық гуманитаристиканың тағы бір қыры – үлкен көлемді деректерді (big data) талдау және оларды өңдеу әдістері. Қазіргі таңда гуманитарлық салалардағы деректер көлемі орасан артты. Мысалы, цифрландырылған кітаптар мен қолжазбалардың, газет-журналдардың, бейне және аудио жазбалардың жиынтығын алып қарасақ, дәстүрлі зерттеуші өмір бойы игере алмайтын ақпарат ауқымы жиналды. Осындай big data массивтерімен жұмыс істеу үшін мәліметтерді автоматты түрде индекстеу, сұрыптау, үлгі тану (pattern recognition) және машинамен оқыту (machine learning) алгоритмдерін қолдану қажеттілігі туады. Бұл – цифрлық гуманитаристика мен деректер ғылымының (Data Science) түйіскен тұсы. Мәселен, жазба құжаттарды автоматты түрде тану (OCR), мәтіндердегі тұлға атауларын, жер-су атауларын автоматты тану (NER), тарихи фотосуреттерді нейрондық желімен өңдеу арқылы өңін қалпына келтіру сияқты міндеттер шешілуде. Бұрын гуманитарлық зерттеулерде сирек қолданылған компьютерлік көру, нейрожелілік талдау әдістері енді ғылыми айналымға еніп отыр. Осы ретте зерттеуші Д.А.Гагаринаның мына пікірін келтірсек орынды: барлық гуманитарий бағдарламалауды білуі шарт емес, алайда кемінде бір цифрлық технологияны терең меңгерсе, сол арқылы өз саласында сапалы нәтижеге қол жеткізе алады. [3, 48-б.]. Сондықтан гуманитарлық мамандардың цифрлық сауаттылығын арттыру – цифрлық гуманитаристика дамуының басты алғышартының бірі. Жалпы, цифрлық гуманитаристика өзінің пәнаралық табиғатына орай әдіснама тұрғысынан күрделі және кей тұста қайшылықты ақпараттық инфрақұрылымды қажет етеді. Зерттеушілер бір мезетте әрі гуманитар, әрі технар болуы қиын; осыны жеңілдету үшін пәнаралық зерттеу топтары құрылады, гуманитарийлер мен программистер, деректанушылар мен мәліметтанушылар бірлесе жұмыс істейді. Мұндай коллаборация сәтті шығуы үшін институционалдық қолдау маңызды: цифрлық гуманитаристика орталықтары, зертханалары және деректер сақтау қоймалары болуы қажет. Дүниежүзінде мұндай инфрақұрылым көптеп қалыптасқан: АҚШ, Еуропа және Азияның бірқатар ірі университеттерінде Digital Humanities зертханалары жұмыс істейді, гуманитарлық бағыттағы ірі

кітапханалар өз қорларын цифрландырып, онлайн қолжетімді етіп жатыр. Қазақстанда да соңғы жылдары осы бағытта алғашқы қадамдар жасалуда. Төменде Қазақстандағы цифрлық гуманитаристиканың қалыптасуы мен даму тәжірибелеріне кеңірек тоқталайық [2, 60-б.].

Елімізде цифрлық гуманитаристика термині ғылыми ортада тек соңғы жылдары кеңінен айтыла бастады. Бұған дейін гуманитарлық ғылымдарда ақпараттық технологияларды қолдану жекелеген аспектілерде ғана көрініс тауып келді. Мәселен, кітапханалар мен архивтер қорын цифрландыру, электронды оқулықтар даярлау, веб-сайттар арқылы тарихи-мәдени мұраны насихаттау жұмыстары 2000 жылдардан бері жүргізіліп келгені мәлім. Алайда, олар кешенді ғылыми бағыт ретінде қарастырылған жоқ. 2017 жылы қабылданған «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы бұл үдеріске тың серпін берді. Бұл бағдарламаның аясында білім беру мен ғылым саласында цифрлық инфрақұрылымды дамыту, цифрлық білім ресурстарын қолдану және IT құзыреттіліктерді арттыру міндеттері қойылды. Гуманитарлық ғылымдар цифрлық трансформацияның осы талаптарына бейімделе бастауы заңды құбылыс еді. Сол кезден бастап қазақстандық ғалымдар цифрлық гуманитаристика тақырыбына назар аударып, алғашқы ғылыми мақалалар жариялана бастады. Мысалы, соңғы жылдары отандық философтар, тарихшылар мен филологтар цифрлық технологиялардың өз салаларындағы қолданысын талқылаған еңбектер шығарып, «цифрландыру дәуіріндегі гуманитарлық ғылымдардың беталысы» туралы пікірлер айтылды. Қазақстанда цифрлық гуманитаристика бойынша мамандар даярлау ісі де біртіндеп жолға қойылуда. Алғашқы қадамдардың бірі ретінде Шығыс Қазақстан облысында қолға алынған бастаманы айтуға болады. Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университетінде 2018 жылдан бастап «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында тарихшы және археолог мамандарға цифрлық технологияларды үйрету курстары енгізіліп, нәтижесінде «Тарихшы-IT» және «Археолог-IT» атты жаңа пәнаралық магистратура бағдарламалары ашылды. Бұл бірегей бағдарламалар археология және тарих саласын жоғары технологиялармен ұштастыратын әмбебап мамандар даярлауға бағытталған. Мұнда тыңдаушыларға тарихи-мәдени мұра нысандарын 3D моделдеу, GIS-картографиялау, архив деректерін цифрландыру сияқты арнайы курстар оқытылды. Кейіннен осындай «Тарихшы-IT» мамандығы Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде де магистратура деңгейінде іске қосылды. Бұл – Қазақстанда цифрлық гуманитаристика элементтерін білім беру жүйесіне кіріктірудің алғашқы мысалдары. 2020 жылы Қазақстан ғалымдарының бір тобы Еуропалық Одақтың Erasmus+ Jean Monnet бағдарламасының грантын жеңіп

алып, «Digital Humanities in the Republic of Kazakhstan: Local Solutions for Global Problems» атты халықаралық жобаны бастады. Бұл жоба аясында Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ философия кафедрасының, ШҚМУ тарих кафедрасының және шетелдік серіктес университеттердің зерттеушілері цифрлық гуманитарлық ғылымдарды Қазақстанда дамыту бойынша бірлесіп жұмыс істеді. 2020–2021 оқу жылында ҚазҰУ мен ШҚМУ-де «History, Theory and Practice of Digital Humanities» атты арнайы курс үш тілде (қазақ, орыс, ағылшын) оқытылып, жүзден астам студент, магистрант, докторант осы жаңа пәнді игерді. Тыңдаушылар цифрлық гуманитаристиканың пайда болу тарихы, шетелдегі дамуы, Қазақстандағы цифрландыру жобалары, әртүрлі гуманитарлық салалардағы (философия, тарих, филология, мәдениеттану, т.б.) цифрлық әдістер туралы жан-жақты білім алды. Курс аясында студенттер өздері де цифрлық мәліметтерді талдау бойынша шағын жобалар орындап, тәжірибе жинады. Аталған жоба шеңберінде thinkz.wordpress.com сайты ашылып, онда цифрлық гуманитаристикаға қатысты қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде ресурстар мен жаңалықтар жариялана бастады. Сонымен қатар 2021 жылдың наурызында осы жобаның ықпалымен қазақ философиясы мамандарының «Қазақ философиясы» атты онлайн қауымдастығы құрылып, отандық ғалымдардың цифрлық платформалар арқылы кәсіби ықпалдастығы артты. Бұл мысалдар цифрлық технологиялардың ғылыми коммуникацияға да оң әсер еткенін көрсетеді (әсіресе пандемия кезінде онлайн қауымдастықтың маңызы зор болды). Цифрлық гуманитаристика бағытындағы зерттеулерді институционалдық деңгейде қолдау соңғы жылдары мемлекеттік ғылыми жобалар арқылы жүзеге асуда. 2021 жылдан бері ҚР Білім және ғылым министрлігі (қазіргі Ғылым және жоғары білім министрлігі) гуманитарлық ғылымдарды цифрландыруға қатысты бірнеше ғылыми жобаны гранттық қаржыландыру тетігімен қолдады. Мәселен, 2022–2024 жылдарға арналған гранттық конкурста Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің ғалымдары «Academic Kazakh Language Corpus» (Академиялық қазақ тілі корпусы) жобасын ұтып алып, іске кірісті. Бұл жоба қазақ тілінің академиялық стильдегі мәтіндерінен үлкен электронды корпус жасауды және оны лингвистикалық зерттеулер мен білім беруде пайдалануды мақсат тұтады. Тіл біліміндегі мұндай корпус жасау ісі – қазақ филологиясын цифрландыру жолындағы іргелі қадам. Ал 2023 жылы Қазақстан Үкіметі ұлттық жасанды интеллект моделін (KazNLP/KazLLM) дамыту үшін қазақ тілінің ауқымды цифрлық корпусын құрастырғанын хабарлады. Бұл жұмысқа еліміздің 26 ғылыми-зерттеу мекемесінен 140-тан астам ғалым қатысып, экономика, тарих, медицина, техника және т.б. 115 сала бойынша қазақ тіліндегі мәтін деректер жинақталғаны мәлім болды.

Мамандардың айтуынша, ұлттық тіл корпусы тек IT жобалар үшін ғана емес, жалпы мәдени тәуелсіздікті нығайту үшін маңызды, өйткені көптілді әлемде қазақ тілінің өз орны болуы оның цифрлық қорына да байланысты. Бұл – цифрлық гуманитаристиканың тіл білімі саласындағы нақты нәтижесі. Гранттық қаржыландыру шеңберінде жүзеге асып жатқан тағы бір қызықты зерттеу – Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ базасында қолға алынған «Мектеп – университет» коллаборативті ортасы: Digital Humanities тұжырымдамасы аясында ғылыми жобаларды жүзеге асыру» атты жоба (2023–2025). Бұл жоба орта мектеп оқушылары мен жоғары оқу орны ғалымдарының бірлескен ғылыми зерттеу алаңын құруды көздейді. Яғни мектеп деңгейінен бастап оқушыларды шағын цифрлық гуманитарлық зерттеулерге тарту, оларды университеттегі зерттеушілермен байланыстыру арқылы жас буынның ғылыми дағдыларын дамыту жоспарланған. Мұндай бастамалар шетелде кең тараған Citizen Science (азаматтық ғылым) трендімен ұштасып жатыр деуге болады. Егер мектептен бастап жастар цифрлық деректермен жұмыс істеуді, мәдени мұраға цифрлық талдау жасауды үйренсе, болашақта цифрлық гуманитаристика саласына даяр кадрлар легі көбейері сөзсіз. Сонымен қатар елімізде соңғы жылдары гуманитарлық мұраларды цифрландыру бойынша бірқатар ірі жобалар атқарылды. Мысалы, 2023 жылы Алматыда алғаш рет Digital Humanities Kazakhstan атты халықаралық жазғы мектеп ұйымдастырылып, шетелдік мамандар (Орталық Азиядағы Американика университеті жанындағы Цифрлық гуманитаристика зертханасынан, т.б.) тәжірибесімен бөлісті. Сол сияқты цифрлық технологиялар бойынша ірі форумдарда да гуманитарлық аспектілер талқылануда. Айталық, 2025 жылғы Digital Almaty 2025 форумында негізінен жасанды интеллект және өнеркәсіпті цифрландыру мәселелері көтерілгенімен, адами капиталды дамыту, цифрлық білім беру, мәдени және тілдік ерекшеліктерді сақтау тақырыптары да назардан тыс қалған жоқ [5].

Қазақстанда жасанды интеллектті дамыту және оны кадрлық, зерттеу мен кәсіпкерлік деңгейінде жүйелі түрде ілгерілету мақсатында 2024 жылдан бастап AI-Sana бағдарламасы іске қосылды. Бұл бастама – еліміздің жоғары білім беру жүйесін трансформациялап, жасанды интеллект бойынша салалық мамандар даярлауға, ғылыми жобалар мен стартаптарды қолдауға бағытталған маңызды стратегиялық қадам. Бағдарламаның құрылымы үш сатыдан тұрады: ЖИ негіздері бойынша жалпы білім беру, терендетілген салалық оқыту және стартаптық жобаларды акселерациялау кезеңдері. 2025 жылдың алғашқы тоқсанында 150 мыңнан астам студент ЖИ бойынша курстарды аяқтап, 15 мың адам халықаралық деңгейдегі сертификаттар алды AI-Sana бағдарламасының ерекшелігі – оның отандық

университеттер мен халықаралық серіктестер (Huawei, Coursera, Astana Hub, т.б.) ынтымақтастығында жүзеге асуы, сондай-ақ Стэнфорд университеті мамандарының қатысуымен әзірленген оқу мазмұны [2, б.]. Бағдарлама аясында еліміздің 95 жоғары оқу орнында ЖИ пәндері оқу жоспарларына енгізілді, ал 27 жетекші ЖОО басты орталықтарға айналды. Сонымен қатар, бағдарламаның нәтижесінде 2025 жылдың соңына дейін кемінде 1500 DeerTech стартап құрылып, ұлттық инновациялық экосистемнің негізі қалануы жоспарланып отыр [4].

Цифрландырудың мұндай қарқынды дамуы гуманитарлық салаға да жаңа талаптар қойып отыр. Ендігі жерде еліміздің тарихи, рухани, әдеби мұрасын цифрлық кеңістікке толықтай енгізу, оны әлемдік ғылыми айналымға ЖИ (AI) және үлкен деректер дәуірінде сәйкестендіру маңызды. Бұл орайда цифрлық гуманитаристика әдістері – ұлттық мәдениет пен тарихты жаһандық цифрлық платформада дәріптеудің таптырмас құралы.

Қорытынды

Жүргізілген зерттеу нәтижелері Қазақстандағы цифрлық гуманитаристиканың қалыптасу үдерісі қарқынды жүріп жатқанын көрсетті. Соңғы жылдары елімізде гуманитарлық ғылымдарды цифрландыруға бағытталған бірқатар жобалар іске асырылды, оқу үрдісіне жаңа пәндер енгізілді және ғылыми қауымдастықтың осы салаға қызығушылығы артты. Қазақстанның жалпы цифрлық даму стратегиясы (Цифрлық Қазақстан бағдарламасы, AI-Sana бағдарламасы) өзара үйлесім тауып, соның ішінде цифрлық гуманитаристикаға қолайлы жағдай жасалуда деп айтуға негіз бар. Әлемдік тәжірибеде цифрлық гуманитаристика гуманитарлық ғылымдардың болашағына айналып келе жатқаны байқалады. Мәліметтерді цифрлық форматта сақтау, үлкен деректерді талдау, компьютерлік модельдеу сияқты әдістер гуманитарий ғалымдардың жұмыс құралдарының бір бөлігіне айналды. Қазақстандық ғылыми орта да бұл жаһандық үрдістен шет қалмауы тиіс. Керісінше, отандық зерттеушілердің өз салаларында цифрлық технологияларды тиімді қолдану дағдыларын қалыптастырып, халықаралық Digital Humanities қауымдастығына кірігуі маңызды.

Мақалада талданған деректер негізінде Қазақстанда цифрлық гуманитаристиканы дамыту үшін келесі мүмкіндіктерді атап көрсетуге болады: біріншіден, отандық мәдени-тарихи мұраларды түгел цифрландырып, бірыңғай деректер базасын жасау (электронды архивтер, кітапханалар, музей қорлары). Екіншіден, гуманитарлық бағыттағы жоғарғы оқу орындарында цифрлық гуманитаристика бойынша мамандандыруды енгізу, арнайы курс және зертханалар ашу. Үшіншіден, пәнаралық зерттеу жобаларын көбейту – тарихшылар, тілшілер, философтарына IT-мамандармен бірлесіп жұмыс

істеу мүмкіндігін беру (гранттық қаржыландыруды осындай жобаларға бағыттау). Төртіншіден, шетелдік озық тәжірибені үйрену – халықаралық конференцияларға қатысу, бірлескен семинар-тренингтер ұйымдастыру, шетелде осы салада оқып жатқан жас ғалымдарды тарту. Бесіншіден, қоғамда цифрлық гуманитаристика бағытындағы бастамалардың маңызын түсіндіру, оның нәтижелерін бұқараға көрсету (мысалы, тарихи деректер негізінде жасалған интерактивті карталар немесе әдеби шығармалар бойынша деректер визуализациясы). Қорыта айтқанда, цифрлық гуманитаристика – Қазақстан үшін салыстырмалы түрде жаңа, бірақ болашағы зор ғылыми-әдістемелік бағыт. Оның табысты дамуы еліміздің ғылымы мен білімінің бәсекеге қабілеттілігін арттырып, ұлттық мұрамызды цифрлық кеңістікте дәріптеуге қызмет етеді. Цифрлық гуманитарлық жобалар гуманитарийлер мен IT мамандардың күш біріктіруін талап ететіндіктен, мұндай жобаларды қолдау ғылымның инновациялық үрдістерімен үндес келеді. Алдағы жылдары Қазақстанда цифрлық гуманитаристика саласы кемелденіп, халықаралық деңгейде танылған отандық зерттеулер пайда болады деп үміттенеміз. Бұл – цифрлық дәуірдегі гуманитарлық ғылымдардың жаңа көкжиегі болмақ. [6].

Пайдаланылған деректер тізімі

- 1 Цифровые гуманитарные науки : хрестоматия / под ред. М. Террас, Дж. Найхан, Э. Ванхутта, И. Кижнер. – Красноярск : СФУ, 2017. – 352 с.
- 2 Цифровые гуманитарные исследования : монография / А. Б. Антопольский, А. А. Бонч-Осмоловская, Л. И. Бородкин [и др.]. – Красноярск : СФУ, 2023. – 272 с.
- 3 Гагарина, Д. А. Изучаем Digital Humanities [Электронный ресурс]. – 2017. – Режим доступа : <http://dhumanities.ru> (дата обращения: 10.04.2025).
- 4 Қазақстанның цифрлық трансформациялануындағы лингвистикалық кластерді дамыту мүмкіндіктері [Электронный ресурс]. Tilalemi.kz. – 21.06.2023. – Режим доступа : <https://tilalemi.kz> (дата обращения: 05.04.2025).
- 5 Digital Almaty 2025: Казахстан на пороге цифровой революции [Электронный ресурс]. – Деловой Казахстан (DKnews.kz), 02.02.2025. – Режим доступа : <https://dknews.kz> (дата обращения: 05.04.2025).
- 6 Корпус казахского языка для KazLLM разрабатывают более 140 ученых [Электронный ресурс]. – Kapital.kz. – 13.02.2025. – Режим доступа : <https://kapital.kz> (дата обращения: 10.04.2025).
- 7 Зарубина, В. Digital transformation of the promotion of educational services of Kazakhstani universities / В. Зарубина, М. Зарубин, Ж. Есенқұлова,

Р. Салимбаева, Г. Сәтбаева // Journal of Innovation and Entrepreneurship. – 2024. – Vol. 13. – Article 3.

8 Шмакова, Е. Creation of a collaborative «school–university» environment to support research activities in schools / Е. Шмакова, Ә. Жүнісбаева // Education Sciences (MDPI). – 2025. – Vol. 15, № 1. – P. 100.

9 Gogora, A. Digital humanities and philosophy – A problem of digital research / A. Gogora // World Literature Studies. – 2016. – Vol. 8, № 3. – P. 104–114.

10 Pérez-González, M. de L. When Humanities Become Digital : Philosophy and Algorithm / M. de L. Pérez-González // Critical Hermeneutics. – 2021. – Special Issue : Philosophy and Theory of Humanities.

References

- 1 Cifrový'e gumanitarný'e nauki : xrestomatiya [Digital Humanities : Anthology] / edited by M. Terras, J. Nyhan, E. Vanhoutte, I. Kizhner. – Krasnoyarsk : SFU, 2017. – 352 p.
- 2 Cifrový'e gumanitarný'e issledovaniya : monografiya [Digital Humanities Research] : Monograph / A. B. Antopolsky, A. A. Bonch-Osmolovskaya, L. I. Borodkin [et al.]. – Krasnoyarsk : SFU, 2023. – 272 p.
- 3 Gagarina, D. A. Izuchaem Digital Humanities [Studying Digital Humanities] [Electronic resource]. – 2017. – Access mode: <http://dhumanities.ru> (date of access: 10.04.2025).
- 4 Qazaqstannyñ sifrlıq transformasialanuındaǵy lingvistikalıq klasterdi damytu mǔmkındıktarı [The transformation of Kazakhstan's digital linguistic clusters] [Electronic resource]. – Tilalemi.kz. – 21.06.2023. – Access mode: <https://tilalemi.kz> (date of access: 05.04.2025).
- 5 Digital Almaty 2025 : Kazakhstan na poroge cifrovoj revolyucii [Digital Almaty 2025 : Kazakhstan on the threshold of digital revolution] [Electronic resource]. – Delovoy Kazakhstan (DKnews.kz). – 02.02.2025. – Access mode: <https://dknews.kz> (date of access: 05.04.2025).
- 6 Korpus kazaxskogo yazı'ka dlya KazLLM razrabatyvayut bolee 140 ucheny'x [More than 140 scientists are developing the Kazakh language corpus for KazLLM] [Electronic resource]. – Kapital.kz. – 13.02.2025. – Access mode: <https://kapital.kz> (date accessed: 10.04.2025).
- 7 Zarubina, V. Digital transformation of the promotion of educational services of Kazakhstani universities / V. Zarubina, M. Zarubin, Zh. Yesenqulova, R. Salimbayeva, G. Satbayeva // Journal of Innovation and Entrepreneurship. – 2024. – Vol. 13. – Article 3.

8 **Shmakova, E.** Creation of a collaborative «school–university» environment to support research activities in schools / E. Shmakova, A. Zhunisbayeva // Education Sciences (MDPI). – 2025. – Vol. 15, No. 1. – P. 100.

9 Gogora, A. Digital humanities and philosophy – A problem of digital research / A. Gogora // World Literature Studies. – 2016. – Vol. 8, No. 3. – P. 104–114.

10 **Pérez-González, M. de L.** When Humanities Become Digital : Philosophy and Algorithm / M. de L. Pérez-González // Critical Hermeneutics. – 2021. – Special Issue : Philosophy and Theory of Humanities.

12.04.25 ж. баспаға түсті.

23.01.25 ж. түзетулерімен түсті.

06.06.25 ж. басып шығаруға қабылданды.

*А. Е. Аккулиева¹, Г. Ж. Нұрышева²

^{1,2}Қазақский национальный университет имени аль-Фараби,

Республика Казахстан, г. Алматы

Поступило в редакцию 12.04.25.

Поступило с исправлениями 23.01.25.

Принято в печать 06.06.25.

ЦИФРОВАЯ ГУМАНИТАРИСТИКА: СТАНОВЛЕНИЕ И ПЕРСПЕКТИВЫ РАЗВИТИЯ В КАЗАХСТАНЕ

В статье рассмотрена взаимосвязь между цифровой гуманитаристикой и философией, а также особенности становления и возможности развития этого научного направления в Казахстане. Основной целью статьи является теоретико-методологический анализ понятия цифровой гуманитаристики, изучение мирового опыта в данной сфере и выявление конкретных путей интеграции цифровой гуманитаристики в систему образования и научных исследований в Казахстане. В ходе исследования применялись методы теоретического анализа, историко-хронологический подход, контент-анализ, а также сравнительное изучение научных трудов и официальных документов.

Результаты показали, что цифровая гуманитаристика объединяет традиционные гуманитарные науки с современными информационными технологиями, активно используя такие инструменты, как большие данные (big data), искусственный

интеллект, виртуальная и дополненная реальность (AR/VR). Авторы приходят к выводу, что широкое внедрение цифровой гуманитаристики в систему образования позитивно скажется на цифровизации академического сообщества и повысит доступность результатов научных исследований. Также в статье детально рассматриваются эτικο-социальные аспекты использования цифровых технологий в гуманитарных исследованиях и методологические проблемы цифровой трансформации системы образования. Авторы отмечают необходимость внедрения в казахстанской научной среде и образовательных учреждениях специализированных научных проектов и специальностей по цифровой гуманитаристике, что, в свою очередь, повысит международную конкурентоспособность отечественных гуманитарных наук.

Ключевые слова: цифровая гуманитаристика; цифровые технологии; оцифровка культурного наследия; большие данные; Digital Kazakhstan; цифровая философия; виртуальная реальность; дополненная реальность; искусственный интеллект.

*А. Е. Akkulieva¹, G. Zh. Nurysheva²

^{1,2}Al-Farabi Kazakh National University,

Republic of Kazakhstan, Almaty

Received 12.04.25.

Received in revised form 23.01.25.

Accepted for publication 06.06.25.

DIGITAL HUMANITIES: FORMATION AND DEVELOPMENT OPPORTUNITIES IN KAZAKHSTAN

The article explores the interconnection between digital humanities and philosophy, as well as the specifics of the formation and potential development of this scientific direction in Kazakhstan. The main goal of the article is a theoretical-methodological analysis of the concept of digital humanities, examination of global practices in this field, and identification of specific pathways for integrating digital humanities into the education and research systems in Kazakhstan. The research employs methods such as theoretical analysis, historical-chronological approach, content analysis, and comparative examination of scientific works and official documents.

Findings indicate that digital humanities combine traditional humanities with modern information technologies, actively employing

tools such as big data, artificial intelligence, virtual reality, and augmented reality (AR/VR). The authors conclude that the widespread implementation of digital humanities into the education system will positively impact the digitalization of the academic community and enhance the accessibility of research outcomes. Additionally, the article extensively discusses ethical-social aspects of incorporating digital technologies into humanities research, along with methodological challenges related to the digital transformation of the education system. The authors highlight the necessity of introducing specialized research projects and academic programs in digital humanities within Kazakhstan's scientific community and educational institutions, which, in turn, will boost the international competitiveness of domestic humanities.

Keywords: digital humanities; digital technologies; digitization of cultural heritage; big data; Digital Kazakhstan; digital philosophy; virtual reality; augmented reality; artificial intelligence.

МРНТИ 02.41.21

<https://doi.org/10.48081/EBFF5673>

***С. Х. Альмуханов¹, Г. Ш. Султанова², Б. Т. Смагулова³**

^{1,2,3}Торайғыров университет,

Республика Казахстан, г. Павлодар

*e-mail: sikola@list.ru

¹ORCID: <https://orcid.org/0000-0001-7894-6443>

²ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-0060-2269>

³ORCID: <https://orcid.org/0000-0001-6332-3534>

ФИЛОСОФИЯ ТРАНСГУМАНИЗМА: ОТ ЧЕЛОВЕКА К ПОСТЧЕЛОВЕКУ

Статья посвящена анализу концепции трансгуманизма как философского и культурного явления, направленного на радикальное преобразование человеческой природы посредством технологий. В работе рассматриваются основные идеи трансгуманизма, его исторические корни и ключевые направления развития.

Автор уделяет особое внимание философским аспектам трансгуманистической мысли, таким как проблема идентичности, моральные и этические вызовы, а также последствия перехода от человека к постчеловеку. В статье анализируются взгляды ведущих представителей трансгуманизма, а также исследуется влияние научных достижений в области биотехнологий, искусственного интеллекта и нейроинженерии на будущее человечества.

Обсуждается вопрос допустимости и пределов трансформации человеческой природы: возможные преимущества, такие как продление жизни, повышение когнитивных способностей и устранение биологических ограничений, сопоставляются риски, включая социальное неравенство, утрату аутентичности и возможные угрозы автономии личности.

В статье также рассматриваются вопросы идентичности, автономии и моральной ответственности в условиях технологического усовершенствования человека, а также критические аргументы противников трансгуманизма, утверждающих, что радикальное

изменение человеческой природы может привести к непредсказуемым последствиям.

Автор исследует и ключевые направления трансгуманистического проекта: генную инженерию, кибернетические имплантаты и цифровое бессмертие; потенциальные выгоды этих технологий, такие как продление жизни, усиление когнитивных способностей и освобождение от биологических ограничений, наряду с рисками, включая рост неравенства, социальную фрагментацию и утрату традиционных представлений о человеческой сущности.

Ключевые слова: трансгуманизм, постчеловек, антисциентизм, идентичность, робосапиенс, суперинтеллект

Введение

Согласно закону ускорения истории, интенсивность изменений во всех сферах жизни человек возрастает. Поступательное развитие человеческой цивилизации неизбежно влияет на трансформацию науки и технологий. В связи с этим в развитых странах всё чаще рассуждают о наступившем веке трансгуманизма, который, как известно, ставит своей целью самосовершенствование человека при помощи инновационных технологий и методов, влияющих на социальную, политическую, культурную и экономическую среду.

Если обратиться к истории философии, то можно отметить, что философия трансгуманизма берёт своё начало с эпохи Нового времени, далее его идеи развиваются в позитивизме и американском прагматизме. Поэтому неудивительно, что многие научные открытия, запрещенные в других странах, открыто поддерживаются в демократических странах, в особенности в США, где общество наиболее либерально относится к достижениям современной науки и техники.

Как фундамент техногенной идеологии трансгуманизм начал формироваться в первой половине XX века. Сторонники этой концепции считали, что необходимо создать наиболее благоприятные условия для развития современного научного знания. На взгляд его представителей, в лице: М. Миски, Г. Моравека, Р. Курцвейла, Н. Вострома, Эсфендиари, Р. Эттингера, М. Мура и других исследователей, вопросы безопасности страны, контроль за уровнем рождаемости, проблема слаборазвитых стран и дюжина других злободневных вопросов вполне решаемы при помощи технологических новаций.

Такая точка зрения в науке не нова: последствия технологического развития не всегда предсказуемы и однозначны для человечества. Ведь

речь идёт о дальнейшем вмешательстве в природу человека, не говоря уже о необратимых последствиях для окружающей среды под влиянием антропогенного фактора. В современной философии с новой силой возникли антисциентистские умонастроения, критически воспринимающие роль научно-технического прогресса, её дегуманизации и неоднозначности последствий. Приверженцы антисциентизма справедливо полагают, что наука ограничена в своём понимании реальности, так как опирается на объективность и эксперимент, оставляя без внимания субъективные аспекты человеческого опыта: эмоции, мораль, веру, духовность.

Абай мен Сұлтанмахмұттың дін мен ғылымды ұштастыру идеясы қазақ ағартушылығының негізгі сипаттарының бірі болып табылады. Олардың философиясында дін мен ғылым бір-бірін толықтыратын, өзара үйлесімді күштер ретінде қарастырылады. Абай үшін дін — адамның ішкі әлемін тазартатын, ал ғылым — оның ақыл-ойын кеңейтетін құрал болды. Ал Сұлтанмахмұт ғылымды ақиқатқа апаратын жол ретінде, ал дінді ар-ұжданды тәрбиелеудің негізгі құралы ретінде көрді. Осылайша, екі ойшыл да дінді, ғылымды және білімді адамның рухани және моральдық тұрғыдан өсуіне қажетті құндылықтар ретінде біріктірді.

Осы тұрғыдан алғанда, Абай мен Сұлтанмахмұттың дін мен ғылымды ұштастыруы тек теориялық емес, сондай-ақ практикалық тұрғыдан да

қоғамды, жеке адамды тәрбиелеудің маңыздылығын айқындайды. Бұл көзқарастар қазіргі қоғамда да өзектілігін жоғалтпай, білім мен ғылымды рухани құндылықтармен үйлестірудің қажеттілігін көрсетеді.

Абай мен Сұлтанмахмұттың надандық пен дінді дұрыс түсінбеуге байланысты сындарлы көзқарастары олардың әлеуметтік-қоғамдық мәселелерге деген терең сыншылдықпен қарағанын көрсетеді. Олар қазақ қоғамындағы діннің жансақтануына және оның дұрыс түсінілмеуіне ерекше назар аударды. Олардың шығармаларында діннің манипуляцияға ұшырауы, жалған молдалар мен діни саладағы алаяқтыққа қарсы өткір сын айтылған.

Абай Құнанбайұлының «Отыз сегізінші қарасөзінде» айтқанындай, ол дінді өзінің жеке пайдасына қолданатын, халықты адастыру мақсатында дін жолында жүрген жалған молдаларды қатты сынға алады. Абай бұл мәселеге қатысты: «Моллалар тұра тұрсын, хұсусан /әсіресе/ бұл замананың ишандарына бек сақ болындар... Бұлардың сүйенгені – надандар, сөйлегені – жалған, дәлел-дері тасбығы менен шалмалары, онан басқа ешнәрсе жоқ» деп, діни қызметкерлердің қоғамдағы мұндай теріс әрекеттерін өткір сынға алған. [1, 266-267-б.] Абай бұл жерде жалған діни қызметкерлердің дінді бұрмалап, оны өзінің жеке мүддесіне пайдаланатынын және осындай әрекеттердің халықты адастыруға әкелетінін айтқан. Оның пайымдауынша, шынайы дін адамның рухани дамуымен, әділеттілік, рақымшылық және тазалықпен байланысып, әркімнің жүрегіне және ақылына әсер етуі тиіс. Ал жалған молдалар дінді қарапайым адамдарды алдау және өз пайдасына пайдалану құралына айналдырып, қоғамды теріс бағытқа жетелейді. Абайдың бұл пікірлері оның дін мен қоғамға деген жанашырлық көзқарасын көрсетеді.

Сұлтанмахмұт Торайғыров та осы мәселеге қатысты өз ойларын ашық білдірді. Ол «Мағынасыз мешіт» деген өлеңінде жалған молдаларды айыптай отырып, олардың діни міндеттерін дұрыс орындамағанын және елді алдап жүргенін атап көрсетеді: «Айттым деп ол ойлайды құдай сөзін, Айтты ма, алдады ма жұрттың көзін» деп айыптайды. [3, 66-б.]. Сұлтанмахмұттың бұл сыны да қоғамда дінді теріс қолданушыларға бағытталған. Ол молдаларды халықты адастырушы ретінде сипаттайды, әрі олардың халыққа дұрыс бағыт-бағдар бермейтінін, діннің шынайы мәнін халыққа түсіндірудің орнына, тек қана жеке пайда үшін дінді пайдаланып отырғанын ашып көрсетеді. Оның бұл өлеңі діни қызметкерлердің әлеуметтік жауапкершілігін және шынайы діни білім мен адалдықтың маңыздылығын түсіну керектігін көрсетеді.

Сұлтанмахмұттың шығармашылығында діни қызметкерлердің қоғамдағы рөлі мен олардың моралдық-психологиялық жауапкершілігі аса маңызды орын алады. Ол халықты адастырушы ретінде жалған молдалардың болуын қоғамдық зардаптар ретінде бағалайды. Бұл оның қоғамдық сыншыл

көзқарастарын тағы да айқын көрсетеді. Осылайша, Сұлтанмахмұттың діни қызметкерлерге қатысты сыны оның қоғамның мәдениетіне, дініне деген жауапкершілігін арттыратын идеалы мен моральдық құндылықтарына негізделген.

Абай мен Сұлтанмахмұттың жалған молдаларға қатысты сыны олардың әрқайсысының діни түсініктерін тереңірек ашады. Олар үшін шынайы дін – бұл адамгершілікке, әділеттілікке, мейірімділікке тәрбиелейтін жол. Ал жалған молдалар мен діни қызметкерлердің қоғамдағы рөлі тек қана қоғамның рухани дағдарысына емес, сондай-ақ адамдардың адасуына да себеп болатынына екі ойшыл да ерекше мән берген.

Осы тұрғыда ғалым М.Мырзахметұлы бұлай тұжырымдайды: «Абай қоғамның, халықтың бүгінгі игілігіне қызмет етіп, бүгінгі өмірді ойлаған ғалым, хакимдердің қоғамдағы жауы деп дін иелері молда, қожа, ишан, яғни рухани кертартпа топтар екенін ашып көрсетеді» [6, 300-б.]. Бұл пікір Абайдың ғана емес, Сұлтанмахмұттың да дінге қатысты көзқарастарын толықтай сипаттайды. Екі ойшыл да қазақ қоғамында діннің дұрыс түсінілмеуі мен оның теріс қолданылуын әлеуметтік мәселелердің бірі ретінде көрген, осыған қарсы күресу үшін шығармашылығында халықты ағартуды маңызды деп санаған.

Сонымен қатар, Абай мен Сұлтанмахмұттың дінге қатысты терең сындары олардың уақытынан әлдеқайда алға кеткенін көрсетеді. Олар діннің шынайы мәнін ашып, халыққа дұрыс бағыт көрсету үшін көп күш жұмсады. Бұл екі ойшылдың да діни философиясындағы басты мақсат – адамның рухани тазалығы мен моральдық кемелділігін жетілдіру, ал жалған молдалар мен дінді теріс пайдаланушылардың қоғамдағы орнын белгілеу болды.

Осылайша, Абай мен Сұлтанмахмұттың дінге қатысты көзқарастарының негізгі ұқсастығы – дінді адамгершілік тәрбиенің, ішкі рухани жетілудің және ақиқатқа ұмтылудың жолы ретінде ұғынуында жатыр. Олар дінді формализмнен арылтып, оның шынайы рухани мағынасын ашуға ұмтылды.

Абай Құнанбайұлы мен Сұлтанмахмұт Торайғыровтың дінді түсінуінде ұқсастықтармен қатар, олардың дүниетанымында белгілі бір айырмашылықтар да байқалады. Бұл ерекшеліктер ең алдымен екі ойшылдың өмір сүрген тарихи-әлеуметтік жағдайларына, алған білім деңгейіне және жеке философиялық ұстанымдарына байланысты қалыптасқан. Абай дінді адамның ішкі рухани жетілуінің басты құралы ретінде қарастырса, Сұлтанмахмұт дінді әлеуметтік әділеттілік пен халықтың оянуы жолындағы құрал ретінде бағалады.

Бұл тұрғыда Зәки Ахметов былай деп жазады: «Сұлтанмахмұт, әсіресе әлеуметтік өмірдің қайшылықтарын, өз заманының шындығын нақтылы

түрде үлкен сыншылдықпен ашып көрсетуі жағынан Абай дәстүрлерін дамытудың өзіндік тың, жаңа өрісін тапқан деуге болады» [4, 87-88-бб.].

Сонымен, Сұлтанмахмұт Абай салған рухани ізденіс жолын өз дәуірінің жаңа талаптарына бейімдей отырып жалғастырды және оны әлеуметтік-сыншыл бағытта тереңдете түсті.

Абай мен Сұлтанмахмұттың дінге көзқарастары арасындағы айырмашылық олардың жалпы философиялық көзқарастары мен қоғамдағы рухани тәрбие мәселесіне қатысты терең түсініктерін көрсетеді. Абай үшін дін адамның ішкі рухани кемелденуінің және моральдық жетілуінің басты құралы болып саналды. Ол ислам дінін, әсіресе, сопылық-моральдық тұрғыдан пайымдап, оны адамгершілік пен ішкі тазалықтың негізі ретінде қарастырды. Абайдың ойынша, нағыз дін адамның рухани тұрғыда жетілуіне бағытталған және ол ақылмен, жүрекпен ұғынып қабылдануы керек. Ол өзінің «Отыз сегізінші қара сөзінде» дінді танудың басты жолы ретінде «ақыл, ғылым, махаббат» ұғымдарын ұсынады. Бұл тұжырымда Абай ғылым мен махаббатты діннің рухани мәнін түсінудің негізі деп есептейді. Абайдың пікірінше, діннің шынайы мәнін түсіну үшін адам алдымен ғылым мен ақылдың көмегіне сүйеніп, сол арқылы өз жүрегінің тазалығын қалыптастыруы қажет. Осылайша, Абай дінді адамгершілікті тәрбиелейтін күш ретінде қарастырады және оны ішкі рухани кемелдену жолы ретінде қабылдайды.

М.Әуезов бұл туралы былай деп жазады: «Абай дінді тануда схоластикалық емес, гуманистік жолды таңдады» [10, 112 б.]. Бұл пікір Абайдың дінге деген гуманистік көзқарасын көрсетеді. Оның түсінігінде дін тек сыртқы рәсімдер мен міндеттерді орындаумен шектелмейді, ол адамның рухани ізденісі мен ішкі дүниесінің тазалығына бағытталған. Бұл тұрғыда Абай дін мен ғылымды ажыратып қарамады, керісінше, оларды үйлестіріп, адамды шынайы адамгершілікке жетелейтін құрал ретінде ұсынды.

Ал Сұлтанмахмұт Торайғыровтың дінге көзқарасы әртүрлі әлеуметтік және діни құрылымдарға сын көзбен қарауымен ерекшеленді. Ол діннің сыртқы рәсімдеріне және діни институттарға күмәнмен қарады, әсіресе халықты надандықта ұстап, ақиқатты бұрмалап жүрген жалған діни қызметкерлерді сынға алды. Сұлтанмахмұт өз шығармаларында діни тұлғаларды қатты айыптап, оларды халықты адастырушы ретінде суреттейді. Сұлтанмахмұттың сөзі өте өткір әрі нақты сынға негізделген. Ол, «Зарландым» деген әңгімесінде «Бұрынғы «аян», молда, надан-қожа ишандардың жолымен кетіп...» деп, бұрынғы діни дәстүрді ұстанған, бірақ шынайы діннің рухын түсінбеген адамдарды сынайды. Бұл жерде «аян», «молда», «қожа», «ишан» сөздері арқылы ол халық арасында өзін діни

ұстаз ретінде көрсеткен, бірақ шын мәнінде дінді пайда көзіне айналдырған надан топты меңзейді [11, 68-б.]. Бұл сыни көзқарас Сұлтанмахмұттың дін мен қоғамдағы әлеуметтік әділетсіздіктерге деген қарсылығын білдіреді. Ол дінді, ең алдымен, адамның рухани және моральдық дамуына қызмет ететін күш ретінде бағалады. Сұлтанмахмұт үшін діннің әлеуметтік құрылымдар мен рәсімдерге айналуы қауіпті, өйткені ол әділетсіздікті бүркемелеуші күшке айналады. Сұлтанмахмұттың дінге деген көзқарасы оның ағартушылық бағыттағы шығармашылығының бір бөлігі болып табылады. Ол дінді тек қана жеке адамның рухани тұрғыда жетілуі үшін қажет деп қана қарамай, оны қоғамды түзетуге және әділеттілікті орнатуға бағытталған күш деп санады.

Екі ойшылдың дінге қатысты көзқарастарының айырмашылығы олардың дінді әлеуметтік құрылымдарға және рәсімдерге қалай қарап, қандай мақсатта қолдануды көздейтіндігімен байланысты. Абай дінді адамның рухани жетілуіне және ішкі тазалығы мен адамгершілігіне бағытталған құрал ретінде көрсе, Сұлтанмахмұт діннің адамды жақсартуға қызмет етуін ғана мойындады, бірақ ол діни құрылымдардың және жалған діни қызметкерлердің теріс әсеріне қарсы шықты. Екі ойшыл да діннің қоғамдағы әлеуметтік әділетсіздіктерді бүркемелеуші күш ретінде қолданылуына қарсылық білдірді, бірақ олардың бұл мәселені түсінудегі жолдары мен тәсілдері әртүрлі болды.

Бұл көзқарастар олардың философиялық және әлеуметтік позицияларын толықтай сипаттайды және олардың дін мен қоғамның рухани дамуына қатысты ойларын айқындайды.

Абай мен Сұлтанмахмұттың дін туралы көзқарастарының негізгі айырмашылығы олардың дінді түсінуі мен бағалау тұрғысынан айқын көрінеді. Абай дінді тек қана рухани тәрбиенің немесе моральдық жетілу жолының құралы ретінде қарастырмай, оны адамның ішкі жан дүниесінің тазалығы мен моральдық кемелденуіне апаратын абсолюттік моральдің қайнар көзі деп білді. Ол дінді адамның жүрегін, ақылын және рухын тәрбиелейтін күш ретінде сипаттады. Абайдың дінге деген көзқарасында оның гуманистік аспектісі басым, яғни ол дінді адамгершілік құндылықтарды дамыту үшін қажет деп санайды. Ол үшін дін тек сыртқы рәсімдер мен ғибадаттардан тұрмайды, оның басты мәні – адамның рухани кемелденуі мен ізгіліктің жолын ұстануы. Абай осы тұрғыдан келгенде, дінді адамды ішкі дүниесінде толық өзгертуге, моральдық жағынан кемелденуге бағытталған күш ретінде қабылдады.

Абайдың дін философиясында басты назар адамгершілік және этикалық принциптерге аударылған. Ол дінді тек қана сыртқы әлеуметтік құрылымдар

мен әлеуметтік әділеттілікті реттеу құралы ретінде емес, ең алдымен адамның рухани ішкі әлемін, оның жүрек тазалығын, махаббат пен ізгілікке деген ұмтылысын тәрбиелейтін құрал ретінде көрді. Бұл тұрғыда Абайдың пікірінше, нағыз дін – адамның өзін-өзі жетілдіруі, оған жетуге ұмтылуы және осы арқылы қоғамда жақсылық орнату. Оның дінге деген көзқарасы, әсіресе, адамның жеке басына бағытталған моральдық және рухани даму процесін қамтиды.

Бұл айырмашылықты қорытындылай келе, Абай дінді адамның ішкі дүниесінің ізгіленуі мен этикалық кемелдіктің құралы деп қарастырса, Сұлтанмахмұт діннің әлеуметтік және қоғамдық прогреске қызмет етуін талап етті. Осылайша, екі ойшылдың дінге деген көзқарастары олардың жалпы философиялық бағыттары мен қоғамға деген көзқарастарынан туындайды.

Сұлтанмахмұт Торайғыровтың дінге деген көзқарасы рухани кемелдену ұстанымымен қатар, әлеуметтік әділеттілік пен қоғамның жаңару мәселелеріне де ерекше бағытталған еді. Ол дінді тек адамның рухани өсуіне қызмет ететін құрал ретінде ғана емес, сонымен бірге халықтың оянуы мен әлеуметтік прогресс жолындағы қозғаушы күш ретінде бағалады. Сұлтанмахмұт діннің адамды рухани жағынан жетілдіру мүмкіндігін мойындай отырып, оның халық арасындағы надандықты жоюға және әлеуметтік теңсіздіктерге қарсы күреске үлес қосуы қажет деп санады.

Ол діннің кейде әлеуметтік әділетсіздіктерді бүркемелеу құралына айналып кетуіне және жалған діни қызметкерлердің халықты алдауына өткір сын көзбен қарады. Осы тұрғыдан алғанда, Сұлтанмахмұттың дінге қатынасы — оны адамгершілік тәрбиенің де, қоғамдық әділет үшін күрестің де маңызды негізі ретінде ұғынуға бағытталған.

Бұл ойлары оның «Жарлау» атты өлеңінде анық көрінеді. Онда ол: «Теңің тап, кемге барма, қор болма деп, Шаріғат, заң көрсетті саған жолды...» деп шаріғаттың мәнін адам қадірін сақтау, әділет пен теңдік жолында жүру ретінде түсіндіреді [3, 73-б.].

Абай мен Сұлтанмахмұттың дінге деген көзқарастарындағы маңызды айырмашылықтардың бірі — олардың діни дәстүрлерге қатысты көзқарастарында көрініс табады. Абай дәстүрлі ислам құндылықтарын терең бағалап, осы құндылықтардың адамгершілік, моральдық кемелденуге әсерін жоғары бағалады. Ол исламның философиясын негізінен сопылық таным арқылы түсіндірді және исламның жоғары рухани құндылықтарын дәріптеді. Сопылық ілімін Абай тек сыртқы рәсімдер мен ғибадаттармен шектемей, оны адамның рухани жетілуіне, ішкі жан дүниесінің тазалығына бағыттайтын терең философиялық көзқарас ретінде қабылдады. Бұл Абайдың діни

құндылықтарды тек рухани ізгіленуге, моральдық кемелденуге жетелейтін құрал деп санауын көрсетеді. Оның сопылық танымға деген оң көзқарасы дін мен адамгершілік арасындағы тығыз байланысты көрсетті.

Ал Сұлтанмахмұт Торайғыровтың діни дәстүрлерге көзқарасы өзгеше болды. Ол дәстүрлі діни құрылымдар мен догматизмге қарсы шығып, әсіресе діни рәсімдер мен догмаларды адамды рухани түрде дамытуға емес, надандықты күшейту мен қоғамның артта қалуына себеп болып жатқан элементтер ретінде қарастырды. Сұлтанмахмұттың пікірінше, кейбір діни дәстүрлер тек қоғамның дамуына кедергі келтіріп, халықты надандықтан шығару орнына, қайта оны бұғаулап ұстап тұрады. Бұл тұрғыда ол исламды тек діни догматизм тұрғысынан емес, ағартушылық пен білімнің көзі ретінде қарастырды. Сұлтанмахмұт білім мен ғылымды діннен жоғары қоя отырып, қоғамды жаңарту мен адамды ағарту қажеттілігін басты мәселе ретінде атап өтті.

Осылайша, Абай мен Сұлтанмахмұттың дінге деген көзқарастары олардың жалпы философиялық бағыттарындағы басты ерекшеліктерді көрсетеді. Абай үшін дәстүрлі ислам құндылықтары адамның рухани кемелденуінің негізі болса, Сұлтанмахмұт үшін діни дәстүрлер мен догматизм қоғамның дамуына кедергі келтіретін факторлар ретінде көрінді.

Сонымен, Абай мен Сұлтанмахмұттың дінге көзқарастарындағы айырмашылықтар олардың философиялық бағдарлары мен қоғамдық ойдағы рөлін айқындай түседі. Абай діни сенімді рухани өзін-өзі жетілдірудің жоғары формасы ретінде көрсетсе, Сұлтанмахмұт дінді әлеуметтік әділеттіліктің және халықты оятудың бір құралы ретінде бағалады.

Қорытынды

Абай Құнанбайұлы мен Сұлтанмахмұт Торайғыровтың дінге қатысты көзқарастары қазақ ағартушылық ойының дамуында маңызды орын алады. Екі ойшыл да дінді адамның ішкі дүниесін жетілдірудің, моральдық және рухани кемелденудің негізгі шарты ретінде қарастырды. Олар дінді тек сыртқы рәсімдер жиынтығы ретінде емес, адамның ақыл-ойы мен жүрек тәрбиесін дамытатын күш ретінде ұғынуға ұмтылды.

Абай дінді тану үшін ақыл, ғылым және жүрек тазалығын алдыңғы орынға қойды. Оның ойынша, дін адамның рухани ізденісіне, шынайы махаббат пен әділеттілікке бастау болуы тиіс. Абай үшін дін мен білім тығыз байланыста болды, сондықтан ол дінді терең түсінуді және шынайы құндылықтарды ұстануды насихаттады.

Сұлтанмахмұт Торайғыров болса, дінді халықтың әлеуметтік прогресіне қызмет ететін күш ретінде қабылдады. Ол діннің мәнін терең түсіне отырып, оның догматикалық және схоластикалық көріністерін сынға

алды. Сұлтанмахмұттың ойынша, дін білім мен ғылымды қолдағанда ғана халықтың оянуына және мәдени дамуына ықпал ете алады.

Абай мен Сұлтанмахмұттың көзқарастарындағы ортақтық — дінді адам өмірінің рухани негізі ретінде қарастыруы болса, айырмашылығы — діннің қоғамдағы рөлін түсіндіруінде, бірінің рухани кемелденуге, екіншісінің әлеуметтік серпіліске көбірек мән беруінде көрінеді. Екі ойшылдың идеялары қазіргі заманғы діни сананы жаңғыртуда да өзекті болып қала береді.

Пайдаланылған деректер тізімі

- 1 **Абай**. Сен де бір кірпіш дүниеге. Өлеңдер мен қарасөздер. — Алматы : Атамұра, 2014. — 288 б.
- 2 **Есім, F.** Хакім Абай. — Астана : Фолиант, 2012. — 400-б.
- 3 Сұлтанмахмұт Торайғыров Үш томдық шығармалар жинағы. Бірінші том. — Алматы, «Жібек жолы» баспа үйі, 2002. — 176-б.
- 4 Дәуір ақыны : Ұлы ақын Сұлтанмахмұт Торайғыровқа арналады / Құраст. Ф. Қ. Бектұрбекова. — Алматы : Орталық ғылыми кітапхана, 2002. — 264 б.
- 5 Сұлтанмахмұт Торайғыров Үш томдық шығармалар жинағы. Екінші том. — Алматы, «Жібек жолы» баспа үйі, 2003. — 256-б.
- 6 **Мырзахметұлы, M.** Абайтану : 1-кітап. Өңд., толықт., 2-бас. — Астана : Interactiv Kazakhstan, 2014. — 432 б
- 7 **Алтаев, Ж.** Қазақ философиясы : оқулық / Ж. Алтаев, А. Қасабек.. — Алматы : Қазақ университеті, 2017. — 222 б.
- 8 **Молдаханов, Ә. M.** Абай, Шәкәрім, Әуезов дәрістері. Оқулық. Алматы: ЖСШ РПБК Дәір, 2011. — 192 б.
- 9 **Дербісәлі, Ә.** Ислам және қазақ мәдениеті. — Алматы : Ғылым, 1998. — 176 б.
- 10 **Әуезов M.** Абай Құнанбаев. — Алматы : Ғылым, 1967. — 430 б.
- 11 **Сұлтанмахмұт Торайғыров.** Үш томдық шығармалар жинағы. Үшінші том. — Алматы, «Жібек жолы» баспа үйі, 2003. — 256-б.

References

- 1 **Abai**. You Are Also a Brick in This World. Poems and Prose. —Almaty : Atamura, 2014. — 288 p.
- 2 **Yesim, G.** Hakim Abai. — Astana: Foliant, 2012. — 400 p.
- 3 **Toraygyrov, S.** Collected Works in Three Volumes. Volume I. — Almaty : Zhibek Zholy Publishing House, 2002. — 176 p.

4 Poet of the Era : Dedicated to the Great Poet Sultanmakhmud Toraygyrov / Comp. F. K. Bekturbekova. — Almaty : Central Scientific Library, 2002. — 264 p.

5 **Toraygyrov, S.** Collected Works in Three Volumes. Volume II. — Almaty: Zhibek Zholy Publishing House, 2003. — 256 p.

6 **Myrzakhmetuly, M.** Abaitanu (Abai Studies). Book 1. Revised and Expanded 2nd Edition. — Astana : Interactiv Kazakhstan, 2014. — 432 p.

7 **Altaev, Zh., Kasabek, A.** Kazakh Philosophy : Textbook. — Almaty: Kazakh University, 2017. — 222 p.

8 **Moldakhanov, A. M.** Lectures on Abai, Shakarim, and Auezov. Textbook. — Almaty : Dair Publishing, 2011. — 192 p.

9 **Derbisali, A.** Islam and Kazakh Culture. — Almaty : Gylm, 1998. — 176 p.

10 **Auezov, M. Abai Kunanbaev.** — Almaty: Gylm, 1967. — 430 p.

11 **Toraygyrov, S.** Collected Works in Three Volumes. Volume III. — Almaty : Zhibek Zholy Publishing House, 2003. — 256 p.

16.04.25 ж. баспаға түсті.

19.04.25 ж. түзетулерімен түсті.

06.06.25 ж. басып шығаруға қабылданды.

*Р. Е. Джуншеев

Таразский университет имени М. Х. Дулати,

Республика Казахстан, г. Тараз

Поступило в редакцию 16.04.25.

Поступило с исправлениями 19.04.25.

Принято в печать 06.06.25.

РЕЛИГИОЗНЫЕ ВЗГЛЯДЫ АБАЯ И СУЛТАНМАХМУТА: СРАВНИТЕЛЬНЫЙ ФИЛОСОФСКИЙ АНАЛИЗ

В данной статье проводится сравнительный философский анализ религиозных взглядов выдающихся представителей казахской просветительской мысли — Абая Кунанбаева и Султанмахмута Торайғырова. Оба мыслителя рассматривали религию как основу духовного развития и нравственного совершенствования человека, однако в их подходах к пониманию религии прослеживаются определённые отличия. Абай воспринимал религию как источник внутренней духовности и воспитания сердца, принимая идеи суфийского учения в гуманистическом ключе. По его мнению, религия очищает душу и ведёт человека к состоянию «совершенного»

человека». Султанмахмут Торайғыров, в свою очередь, рассматривал религию как средство социального прогресса и справедливости, резко критиковал религиозный догматизм и невежество. Он подчёркивал просветительский потенциал веры, ставя на первое место современные знания и науку. В статье на основе произведений мыслителей и трудов исследователей научно обоснованно раскрываются сходства и различия их религиозных взглядов. Также освещается роль религии и её философское значение в казахской просветительской традиции. Результаты исследования направлены на выявление глубины религиозного мировоззрения казахских мыслителей и его значимости для современного общества.

Ключевые слова: Абай Кунанбаев, Султанмахмут Торайғыров, философия религии, просветительская мысль, духовно-нравственные ценности, сравнительный анализ, казахская философия.

*R. E. Zhunsheyev

M. Kh. Dulaty Taraz University,

Republic of Kazakhstan, Taraz

Received 16.04.25.

Received in revised form 19.04.25.

Accepted for publication 06.06.25.

RELIGIOUS VIEWS OF ABAI AND SULTANMAKHMUT: A COMPARATIVE PHILOSOPHICAL ANALYSIS

This article presents a comparative philosophical analysis of the religious views of two prominent representatives of Kazakh Enlightenment thought — Abai Kunanbayuly and Sultanmakhmud Toraighyrov. Although both thinkers regarded religion as a foundation for spiritual development and moral perfection, their approaches to understanding religion display notable differences. Abai viewed religion as a source of inner spirituality and the education of the heart, embracing the ideas of Sufism from a humanistic perspective. In his understanding, religion purifies the soul and guides a person toward becoming a “perfect human.” In contrast, Sultanmakhmud Toraighyrov saw religion as a tool for social progress and justice, boldly criticizing religious dogmatism and ignorance. He emphasized the educational potential of faith, prioritizing modern knowledge and science. Based on the works of the two thinkers and scholarly research, the article examines the similarities and differences

in their religious views from a scientific perspective. It also highlights the role and philosophical significance of religion within the Kazakh Enlightenment tradition. The research aims to reveal the depth of Kazakh thinkers' religious worldview and its relevance for contemporary society.

Keywords: Abai Kunanbayuly, Sultanmakhmud Toraighyrov, philosophy of religion, Enlightenment thought, spiritual and moral values, comparative analysis, Kazakh philosophy.

<https://doi.org/10.48081/ZRLC9898>

***А. Ф. Зейнулина¹, А. Т. Ташекова², А. Ж. Құдабаев³**

^{1,2,3}Торайғыров университеті,

Қазақстан Республикасы, Павлодар қ.

*e-mail: akbura66@mail.ru

¹ORCID: <https://orcid.org/0000-0001-6990-468X>

²ORCID: <https://orcid.org/0000-0001-5491-2791>

³ORCID: <https://orcid.org/0009-0001-1802-4145>

АЛАШОРДА ҚАЙРАТКЕРЛЕРІ ФИЛОСОФИЯСЫНДАҒЫ ҰЛТТЫҚ ТАНЫ

Алаш философиясы қазақтағы ағартушылық ісінің екі буын арасындағы сабақтастыққа және кез келген мәселені ұлт тұрғысынан сыни ойлау, ұлттық менталитет іргетасын мықтап қалау идеясына құрылады. Тәуелсіздік алғаннан кейін қазақ халқының ұлттық санасы мен тарихи жады жаңғырып, ұлттың рухани болмысын айқындайтын төл құндылықтарымыз қайта жаңғыра бастады. Кеңестік дәуірде саяси қуғын-сүргінге ұшыраған Алаш зиялыларының ғылыми мұрасы бүгінгі күні қайта зерделеуді қажет етеді. Алаш қайраткерлерінің идеялары — қазіргі ұрпақты ұлтжанды, кемел тұлға ретінде қалыптастыру жолында маңызды рухани бағдарға айналды. Алаш зиялыларының қай-қайсысы болса да ұлттық дүниетаным кеңістігінде сіңірген еңбектері орасан зор.

Аталмыш мақалада Алаш қайраткерлерінің философиялық мұраларына ғылыми-теориялық тұрғыдан талдау жасалынып, оқу-тәрбие, ғылым үдерісінде, қоғамда ұлттық сана қуатын жетілдірудің мүмкіндіктері айқындалып, соның

негізінде ұлттық тұлға қалыптастырудың тұжырымдамасы туралы мәселелер қарастырылады. Сонымен қатар қазақ философиясының ғасырлар бойы дамып жүйеленген тағылымдық-тәрбиелік тәжірибесі, ұлттық тұлғаға қатысты ғылыми-теориялық ой-пікірлері, оның ішінде Алаш қайраткерлерінің философиялық еңбектеріндегі тұлға қалыптастыру, ұлттық сананы жаңғырту мен жасампаз етудегі жөніндегі пікірлеріне талдау жасалынады. Алаш

қайраткерлерінің ұлттық көзқарастарын танытатын мұралары негізінде ұлттық тұлға

қалыптастыруда «ұлттық болмыс», «жан-жақты жетілген тұлға», «ұлттық тұлға» т.б. ұғымдарына салыстырмалы талдау арқылы сипаттама беріледі.

Кітті сөздер: Алаш қайраткерлері, ұлттық сана, ұлттық таным, рухани көзқарас, саяси көзқарас, дүниетаным.

Кіріспе

Алаш қайраткерлерінің әлеуметтік-философиялық көзқарастарының ағартушылық, жаңашылдық мақсаты нақты, шынайы мазмұнға ие, яғни, оның қазақ қоғамының хал-жағдайын жақсартуға, оны дамудың даңғыл жолына салуға және жалпы алғандағы ұлт санасын оятуға бағытталғанын көреміз. Сол заманғы ұлттық рухани көзқарастар мен ұлттық таным табиғатын түсіндіруде ұлттық оянумен тығыз сабақтастықтағы жаңашылдықты келесідей түсініктемелер арқылы байқауға болады.

Ұлттық болмысты танудың теориялық-методологиялық негізінде, ең алдымен, ұлттың болашақ бағдарын айқындайтын, терең мағыналық астары мен тылсым табиғатына ие ұлттық сипат жөніндегі тұжырымдарды түсіндіру қажеттілігі туындайды. Бұл түсінік тек мәдени феномен ретінде емес, сонымен қатар тарихи қалыптасудың ішкі логикасына сәйкес әлеуметтік санада орныққан мағыналар жүйесі ретінде де қарастырылады. Екінші кезекте, кез келген этнос дамуының идеологиялық өзегіне айналған ұлттық мүддені анықтайтын үлгіні айқындауға деген ұмтылыс байқалады. Мұндай ұмтылыс қоғам ішіндегі мәдени гегемонияны құрумен тығыз байланысты әрі ұлттың болмыстық негіздерін жүйелеуге бағытталады. Үшіншіден, тұлғаның бастапқы психологиялық құрылымын, яғни бейсаналық деңгейде қалыптасатын және дара мәдени контексті бар этникалық қауым өкілдеріне тән, универсалдылықтан гөрі спецификалық мәнге ие когнитивтік және менталдық эталондарды саралау өзекті болып отыр. Бұл эталондар ұлттың дүниетанымдық кодына айналған архетиптерден туындайды және мәдени репрезентацияда тұрақты орын алады. Төртіншіден, ұлттық сипат көріністерін ұлттың рухани кеңістігінен — дін, мораль, әдет-ғұрып, тарихи жад және құндылықтар жүйесі секілді көп қабатты құрылымдардан іздестіруге бағытталған ұмтылыстар белгілі бір әлеуметтік парадигмалар мен идеялық құрылымдар негізінде жинақталады. Мұндай ұмтылыс мәдени синтездің ішкі логикасына сай келетін рухани өзектілікті айқындайды және ұлт мүшелерінің ортақ дүниетанымына сүйенеді. Бесіншіден, ұлттық жадтың кодтары ретінде қызмет атқаратын, ұрпақтан ұрпаққа жалғасатын және ұзақ

тарихи кезеңдер бойы сақталып келген дәстүрлі мәдени формалар мен соған сәйкес рухани тәрбие әдістерін жүйелеу, оның мазмұндық ауқымын кеңейту міндеті алдыңғы қатарға шығады. Бұл жерде сөз – этностың өзіндік таным табиғатын қалыптастыратын, символдық мағынамен қапталған тәрбиелік құралдардың мәдени мәтін ретіндегі қызметі жайында болып отыр.

Осы аталған компоненттердің барлығы да ұлттық сананың эволюциясы мен этностық өзіндік болмыстың мәдени-философиялық парадигмасына негізделі отырып, тұлғалық қалыптасу типтерін анықтауға мүмкіндік береді. Бұлар — әлеуметтік құрылым мен рухани кеңістіктің түйісу нүктесінде туындайтын, ұлттық даму моделін зерделеудің өзекті алғышарттары.

Материалдар мен әдістер

Зерттеу мәселесі бойынша Алаш қайраткерлерінің ұлттық көзқарастарын танытатын мұралары негізінде ұлттық тұлға

қалыптастыру аспектілерін анықтау үшін құрылымдық талдау, тарихи – салыстырмалы әдісі пайдаланды.

Нәтижелер және талқылау

Алаш қайраткерлерінің ұлттық мәселелерді күн тәртібіне қоюдағы концептуалды көзқарастары ұлттың дүниетанымдық болмысы мен тұлғалық негізін айқындауда айрықша мәнге ие. Олардың қоғамдық пікірге ықпал етуге бағытталған идеялары қазақ халқының біртұтас рухани бейнесін сомдауға негіз болды. Бұл ойлау жүйесі, шын мәнінде, жаңаша ұлттық парадигманы қалыптастыруға бағытталған болатын. Осы ретте алаш зиялылары елдік мұраттарды тарихи-мәдени тәжірибемен сабақтастыра отырып, Алаш қозғалысын ұлттық жаңғырудың бастамасына айналдырды.

«Қазақтың сан ғасырлық тарихының ең жарқын беттерін жазған Алаш қозғалысы – тарихи-саяси, айрықша құбылыс ретінде ұлтымыздың мәдени-рухани даму жолын жаңа арнаға бұрғаны сөзсіз. Өйткені, ол қазақ баласының жаңа саясат, мәдениет сатысына көтерілгендігін айғақтай отырып, ендігі жерде ұлт ретінде дербес өмір сүруге, өзге елдермен терезесі тең халық ретінде азат күн кешуге болатындығына әлеуметті сендіре алған жаңашыл қозғалыс еді» [1].

XX ғасырдың басындағы қазақ қоғамының еркіндікке ұмтылысы кеңестік тоталитарлық биліктің орнауымен тұйыққа тірелді. Дегенмен де, ұлттық ояну философиясы, Алаш қозғалысының идеялары ұлттың рухани кодына айналып, кейінгі кезеңдегі тәуелсіздікке жетелейтін арнаның бастауына айналды. Кеңестік кезең ұлттық сананы жойып, халықты момақандыққа, өзін-өзі төмен бағалауға итермеледі. Осыған орай, белгілі зерттеушінің мына пікірі ерекше назар аударуға тұрарлық: «Қазақтардың рухын қорқыныш сілкіп, оны түгелімен шайқатып жіберген – азамат

соғысы, одан соң ұжымдастыру, репрессия, тағы да басқада саяси зорлық болды...» [2, 87 б.]. Осындай күрделі тарихи кезеңде ұлттық рухтың сөнбеуі үшін Мұхтар Әуезов, Ілияс Есенберлин, Мұхтар Мағауин, Әбіш Кекілбаев сынды қаламгерлер көркем шығармалар арқылы күрес жүргізді. Бұл әдебиет өкілдері ұлт болмысының мәйегін сақтап қалуға барынша ықпал етті. Ақыр соңында, тарих қазақ халқының өзіндік болмысын жоймай сақтай алғандығын айғақтап берді.

Қазақ елі тәуелсіздік алып, жаңа кезеңге аяқ басты. Бірақ отарлық кезеңнің психологиялық зардабынан толық арылу үшін күрделі өзгерістер қажет болды. Жаһандану үдерісі ұлттық мәдениетке қауіп төндіріп, экзотикалық сипатқа айналдыру қаупін тудырып отыр. Бұл туралы отандық ғалымдар ертерек ескертіп, былай дейді: «Қазіргі дүниежүзілік цивилизацияның даму барысында ұлттық мәдениеттердің ерекшеліктері жоғалып... әлдебір «баршалық-техникалық» мәдениетке бет алу көрсетеді» [3, 46 б.]. Осы кезеңде ұлттың болмыстық иммунитеті болып табылатын дәстүр мен тарихи жад ерекше маңызға ие болды. Тоталитарлық биліктің ұлттық дәстүрлерді ыдыратуы – ұлттың ішкі тірегіне жасалған нұқсан еді. Алаш зиялылары осы үдеріске қарсы рухани шеп құрып, мәдени ренессансты көздеді. Олардың дүниетаным тек саяси бағытта ғана емес, жалпыұлттық рухани бағдар ретінде қалыптасты.

Жаһандану дәуірінде ұлттық болмыс пен мәдени идентификацияны сақтау – аса маңызды міндет. Бұл тұрғыда хакім Абайдан бастау алып, Әлихан, Ахмет, Шәкәрім, Міржақып сынды ойшылдар жалғаған рухани сабақтастық – бүгінгі күннің де рухани бағдаршамы.

Ұлттық идея – ұлттың жойылып кетпеуінің кепілі. «Оян, қазақ!» ұраны – әлі де өзектілігін жоймаған тарихи үндеу. Тіпті Сұлтанмахмұт Торайғыровтың: «Халқымның мен шын ұлы екеніме тарихтың өзі куәлік берер» деген сөзі де осы идеядан туындаған [1]. Алаш қозғалысының символдық рәміздерге негізделуі де ерекше назар аудартады. Мәселен, «Қазақ» газетінің киіз үй таңбасы – түндіктің ашық, есіктің жабық болуы – білім мен ғылымға ашық болуға, сырттан келетін әсерлерге сүзгімен қарауға үндейтін рухани концепт еді [6]. Академик Ғ. Есімнің пайымдауынша, «Еліктеушілік – өркениетке апарар жол емес. Бізге әлемге ұсынар өзіміздің өлшеміміз болуы керек. Алаш идеясы – осы өлшемнің іргетасы» [7]. Ұлттық идея мемлекеттің қалыптасуы мен бірегейлігін айқындайтын дүниетанымдық іргетас ретінде қарастырылады. Философ Ғ. Есімнің пайымынша, «Алаш қозғалысы – ұлттың дүниетанымдық тарихының өзегі» [11]. Белгілі ғалым Т. Шаңбай: «Алаштық дүниетанымды қазақ философиясының арқауы етіп қарастыру – ұлттық танымды жаңа деңгейге көтерудің кепілі.

Алаш философиясы – қазақ өркениетінің алтын қазығы» – деп нақты тұжырымдайды.

Алаш қозғалысының рухани бастау көзі ретінде ұлттық сана мен тарихи жадтың өзара байланысы шешуші мәнге ие. Өйткені ұлттың өміршеңдігі мен мәдени тұрақтылығы – дәл осы тарихи жадымен сабақтасып жатқан рухани кілттерге негізделеді. Бұл орайда алаштық ойшылдар ұлттың ұлы мұраттарын әлеуметтік тәжірибе аясында ғана емес, идеялық-философиялық тұрғыдан да терең пайымдай білді. Және бұл пайымдаулар – бүгінгі қоғамдық сана үшін де маңызды бағдар рөлін атқарады. Қазіргі жаһандық мәдени кеңістікте ұлттық болмыс пен ерекшелікті сақтау оңай міндет емес. Бұл – тіл, діл, дін, дәстүр, тарихи сана секілді тұғырлы құндылықтарды үйлестіре отырып, заман талабына бейімделу өнері. Алаш зиялылары ұсынған идеялар жүйесі осы үйлесімді жүзеге асырудың тетіктерін көрсетіп берді. Мәселен, Ахмет Байтұрсынұлының «ұлтқа қызмет ету – білімнен емес, мінезден» деген қанатты сөзі ұлттық рух пен жауапкершілікті айқындайтын ереже ретінде осы күнге дейін өзектілігін жойған жоқ.

Ұлттық идеяны жаңғырту барысында Алаш қозғалысының мұралары – тарихи-саяси қана емес, сонымен қатар аксиологиялық, мәдени-танымдық феномен ретінде бағаланады. Бұл феноменнің маңыздылығы – оның дербес мемлекет құру, рухани егемендікке қол жеткізу, мәдениет пен білімді жаңғырту секілді өзекті стратегиялық мақсаттармен үйлесуінде. Сондықтан Алаш ұстанымдары бүгінгі Қазақстанның ұлттық бірегейлік саясатына да терең ықпал етіп келеді. Алаш қозғалысының дүниетанымдық негізінде «ұлттың өз болмысын өзі тануы», яғни рефлексиялық сана, «өзін-өзі тану» актісі жатқаны айқын. Бұл – ұлттың тарихи тағдырына жауапты көзқарастың қалыптасуына ықпал еткен басты тетік. Мұны академик Ғарифолла Есім де нақты тұжырымдайды: «Алаш – ұлттық идеяның өзегі. Бұл идея қазақ халқының рухани кемелденуіне, тарихи жадының жаңғыруына, өркениетпен тең дәрежеде тілдесуге негіз болады» [11].

Осы тұста қазақ философиясының алдында тұрған өзекті міндет – Алаш идеяларын ғылыми тұрғыдан жүйелеу және оның дүниетанымдық моделін қалыптастыру. Бұл бағытта Тұрдығұл Шаңбайдың «Алаш философиясы – қазақ өркениетінің алтын қазығы» деген тезисі назар аударарлық. Себебі Алаш пәлсафасында ұлттың болмыс табиғаты, рухани тұтастығы мен таным арқауы айқын көрініс табады.

Ұлттық идея – өткеннің естелігі ғана емес, келешектің кілті. Бұл идея ұлтты біріктіретін символикалық құрылым ретінде тарихи жадымен тығыз байланыста болады. Ұлттың рухани жадын жаңғырту арқылы ғана біз өз болмысымызды сақтап, жаһандану кеңістігінде өз орнымызды айқындай

аламыз. Сондықтан Алаш тағылымын зерттеу – тек өткенді тану ғана емес, болашақты болжаудың да тәсілі. Қазіргі таңда ұлттық рухани модернизация мәселесі – мемлекеттік саясаттың басты векторларының бірі болып отыр. Алайда, бұл жаңғыру механикалық жаңғыру емес, рухани үйлесімділік негізінде жүзеге асуы тиіс. Осы тұста алаштық дүниетанымның артықшылығы – оның заманауи құндылықтармен қабыса алатын құрылымында. Яғни, бұл қозғалыстың идеялары тек тарихи қызығушылық емес, қазіргі қоғам үшін де методологиялық бағдар.

Алаш қозғалысы – тарихи-саяси феномен болумен қатар, бүгінгі күнге дейін өзектілігін жоғалтпаған рухани жаңғыру парадигмасы. Бұл қозғалыстың идеялары Қазақстанның мәдени саясатында да айрықша орын алады. Өйткені рухани егемендікке негізделмеген мемлекеттің болашағы бұлдыр, ал рухани еркіндік пен ұлттық өзіндік сана – ел болмысының түп негізі. Қазіргі Қазақстанның мәдени модернизация үдерісінде Алаш идеологиясының озық идеялары жүйелі түрде қайта жаңғыртылып жатыр. Мәселен, «Рухани жаңғыру» бағдарламасында айтылған «ұлттық код» ұғымы – дәл сол Алаш мұраттарының заманауи жалғасы. Бұл код тарихи жадымен байланысты, яғни өткен мен болашақ арасындағы рухани көпір ретінде қызмет атқарады. Мемлекеттік мәдени саясаттың негізгі басымдықтарының бірі – ұлттық сананы жаңғырту. Бұл үдеріс Алаш идеяларын ғылыми негізде қайта пайымдауды қажет етеді. Себебі XX ғасырдың басында айтылған ұлттық болмысты сақтау, тілді, ділді, дәстүрді ұлықтау, білім мен ғылымды ел игілігіне айналдыру сынды идеялар бүгін де күн тәртібінен түспей отыр. Сондықтан да, Алаш идеясы – уақытпен өлшенбейтін, мәңгілік рухани бағдар. Осы орайда, Алаш қозғалысының мәдени стратегиясы – заманауи гуманитарлық саясаттың да іргетасы. Бұл стратегияда білім беру мен ғылымға ерекше мән беріледі. Ұлтты ағарту, сауаттандыру – олардың басты миссиясы болды. Ахмет Байтұрсынұлының, Міржақып Дулатовтың ағартушылық қызметі осының айғағы. Бұл – бүгінгі білім беру саясатының да тарихи арқауы.

Ұлт көшбасшыларының бірі Әлихан Бөкейханның мына пікірі мәдени саясаттың мәнін дөп басады: «Ұлтқа қызмет ету – білімнен емес, мінезден». Бұл тұжырым – бүгінгі мәдениет саясатының да этикалық-рухани тұғыры болуға лайықты. Өйткені тек материалдық ресурстармен емес, рухани әлеуетпен де ұлт іргесі нығаяды.

Бүгінде тәуелсіз Қазақстан мәдени саясатында Алаш идеяларын практикалық деңгейде жүзеге асыру тетіктері іздестірілуде. Мәдениет пен өнер саласындағы бағдарламаларда, тарихи сананы жаңғырту жобаларында, гуманитарлық білім мазмұнында алаштық көзқарастарға қайта оралу –

мәдени деколонизацияны жеделдетудің бірден-бір жолы. Бұл туралы белгілі алаштанушы Ә. Қалмырза: «Алаш мұрасын тек архивтік дүние ретінде қарастыру – оны өлтірумен тең. Алаш – болашаққа бастайтын тірі мұра» – деп тұжырымдайды. Сонымен қатар Алаш идеологиясы – мемлекеттілік, құқықтық мемлекет, зайырлы құрылым секілді ұғымдарды да алғашқы болып нақтылады. Бұл бүгінгі ұлттық идеологияны дамытудың тарихпен сабақтас сипатын көрсетеді.

Ұлттық болмысты тану – бұл тек этникалық ерекшеліктерді сипаттау емес, сонымен бірге, ұлттың өзін-өзі тануы, тарихи жадысын қайта бағдарлау және мәдени кодтарын жаңғырту үдерісі. Осы тұрғыдан алғанда, Алаш қозғалысының өкілдері ұлтты танудың жаңа әдіснамалық негізін қалыптастырды. Олар үшін «қазақ кім?», «қазақ қандай болуға тиіс?» деген сауалдар тек риторикалық сұрақтар емес, нағыз ғылыми және рухани ізденістің өзегіне айналды. Ахмет Байтұрсынұлы, Міржақып Дулатов, Мағжан Жұмабаев сынды қайраткерлер қазақ ұлтының өзіндік ерекшеліктерін анықтап, соны сақтау жолында нақты әдіс-тәсілдерді ұсынды. Мәселен, Байтұрсынұлы тіл мәселесін – ұлттық рухтың тірегі деп қарастырды. Ол «тілі жоғалған халық – өзі де жоғалады» деп, тілдік идентификацияның ұлттық тұрақтылықтағы орнын анық көрсеткен болатын.

Алаш зиялылары ұлтты тану мен ұлт болмысын түсіндіру ісінде гуманитарлық ғылымдардың потенциалын пайдаланды. Олар филология, тарих, педагогика, этнография, психология сынды салаларды ұлттық мүдде тұрғысынан зерделеу арқылы зерттеу объектілерін кеңейтті. Бұл – қазіргі гуманитарлық ғылымдар үшін де методологиялық сабақ. Мысалы, Жүсіпбек Аймауытовтың «Психология» атты еңбегі – қазақ халқының рухани болмысын психологиялық аспектіде сипаттауға арналған алғашқы ғылыми еңбек. Онда ұлт мінезі, тәрбие жүйесі, ұлттық темперамент туралы ойлар тұңғыш рет жүйеленіп, теориялық тұрғыдан негізделді. Бұл еңбек Алаш зиялыларының ғылыми-методологиялық жаңашылдығын көрсететін нақты мысал болып табылады.

Ұлттық идентификация процесінде тарихи жады мен мифопоэтикалық құрылымдардың да рөлі зор. Осыны түсінген Алаш зиялылары халық ауыз әдебиетін, фольклорды, шежірелер мен аңыздарды – ұлттың өзін тану құралы ретінде қарастырды. Олар «жырдағы халық бейнесі – өмір шындығының көркем коды» екенін жақсы түсінді. Осы тұста «ұлтты ұлт ететін – тілі мен ділі, тарихы мен рухы, мәдениеті мен мұраты» деген тұжырым Алаш ойшылдарының барша еңбегінің өзегінде жатқанын көреміз. Бұл – қазіргі ұлттық идеологияны ғылыми тұрғыдан дәлелдеу мен нығайтудың негізі.

Қазіргі заман философиясында ұлтты тану мен ұлттық өзіндік сананың құрылымын зерттеу – постколониалдық және деколонизациялық әдістермен тығыз байланысты. Алаш қозғалысы бұл ұғымдарды сол кезеңнің тілімен және ұғымдық жүйесімен айтқанымен, шын мәнінде бүгінгі эпистемологияға сай келетін тұтас концепцияны ұсынды. Яғни, Алаш әдіснамасы – ұлттық сана мен болмысты танудың қазіргі тәсілдерімен үйлесімді, әрі өміршен. Алаш идеясы – тек тарихи концепт емес, сонымен бірге ұлтты жаңғырту жолындағы интеллектуалдық модель. Бұл модельде мәдениет те, сана да, идея да, білім де – өзара тоғысады. Осы бағытта жүйеленген Алаш методологиясын жаңғырту – қазіргі зерттеушілер алдындағы маңызды ғылыми міндеттердің бірі.

Қорытынды

Ойымызды түйіндесек, қазақ халқының ұлттық дүниетанымы өзгерісі сан түрлі кезеңдерден өтті. Онда өміршендік күші тасқындаған дәуір де, өміршендік солғындаған дәуір де болған. Оның өзіндік тарихи себептері бар. Бүгінгі сәтте тарих бізге үлкен мүмкіндік пен жауапкершілікті сеніп тапсырып отыр. Біз құлдық пен бодандық қыспағынан құтылып, біртіндеп ес жиып, өзімізді-өзіміз іздей бастаған рухани ояныс пен қайта түлеу, жаңғыру кезеңінде тұрмыз. Бұған дейін жиған-тергенімізді, рухани тәжірибемізді қорыту мен болашағымызды құру үстіндеміз. Осы тұрғыда дәстүрлі, көшпелі өзге елдің отары болған жұртының рухын оятып, өзгенің озығы мен ұлттық танымды үйлестіру арқылы қазақ халқын азаттық жолына бастамақ болған алаштың рухани мирасы мен әлеуметтік тәжірибесін зерделеу кезек күттірмес істеп білеміз. Қазақстан тәуелсіздік алғаннан бері рухани жаңғыру процесі жүріп жатыр. Дегенмен, бұл процесс жалпыұлттық сипат ала алмай отыр. Халықтың рухани өмірінде серпілістер болғанымен, олар тұрақты бағаланбай келеді. Біз өз болмысымызды тану арқылы ғана жаһанданудың аласапыранында өз орнымызды таба аламыз. Қазақша ойлау жүйесі толық қанды іске қосылған жерде бірінші кезекте мемлекетті құраушы ұлттың мүддесі алдыңғы орынға шығатыны сөзсіз. Бұл дегеніміз – әрбір қадам ұлттық құндылықтар тұрғысынан сараланып барып жасалады деген сөз.

